



АРМЕНИЯНЫҢ ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚА АҢСАРЫ АУДЫ

2



ОНЛАЙН САУДА базарлардың орнын баса ма?

5



АЛМАТЫ ТУРИЗМНЕН КӨШ БАСТАП ТҮР

6

«МЕДЕУ» БАҒЫТЫНДАҒЫ АВТОБУСТАР ЖАҢАРДЫ



Алматыда қоғамдық көлікті дамыту жұмыстары аясында жылжымалы құрамды жаңарту жалғасуда.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

6 наурыздан бастап №12 бағытта Теміржол вокзалы-2 – «Медеу» БТК қатынайтын автобустар толығымен жаңарды. Бағыттарда жоспарлы шығу жұмыс күндері 16 және демалыс күндері 20 жылжымалы бірлікті құрайды.

Yutong маркалы газбен жүретін 12 метрлік жаңа автобустар заманауи жабдықтармен, соның ішінде кондиционерлеу, бейнебақылау жүйелерімен және телефондарды зарядтауға арналған USB коннекторларымен жабдықталған. Сонымен қатар, салон ағымдағы және келесі аялдамаларды көрсететін ақпараттық дисплеймен толықтырылған.

Бұл бағыттан босатылған автобустар

басқа бағыттарды күшейтуге жұмсалатын болады.

Естеріңізге сала кетейік, өткен жылы мегаполис басшысы Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша әкімдік 600 автобус пен 100 троллейбус сатып алып, 22 жаңа бағыт, оның ішінде 10 қала маңындағы бағыт ұйымдастырып, 50-ге жуық елдімекенді қамтыды. Биыл тағы 600 автобус, 100 троллейбус және 100 электроавтобус сатып алу жоспарлануда.

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №21 (6472) 12 наурыз, сейсенбі, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

БАУЫРМАЛДЫҚ БАЙЛАНЫС

Қазақстан-Әзербайжан қарым-қатынасы жаңа сатыға көтеріледі



Дипломатиялық қатынастардың дінгегі – біріктіруші, идеяға негізделген құндылықтарда. Жаһандық саясатта мемлекеттердің ортақ мүдде аясында бірегей, ауқымды жобаларды іске асыруында ортақ біріктіруші құндылықтардың ықпалы өте зор. Қазақстанның сыртқы саясатында соңғы отыз жылда түркілік бағыт идеялық негізден бастап, институционалдық сипатқа дейін өсті. Бүгінде түркі интеграциясы жаңа деңгейде, институционалдық формада, Түркі мемлекеттері ұйымы құрылып, мәдениет, білім мен ғылым, спорт, экономика салаларында біріккен жобалар сәтті жүзеге асуда. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 11-12 наурыз күндері Әзербайжан Республикасына мемлекеттік сапармен барды. Сапар аясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевпен келіссөз жүргізіп, Қазақстан мен Әзербайжанның Жоғары мемлекетаралық кеңесінің алғашқы отырысына қатысу жоспарланған.

3

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

12.03.2024

Түнде:

0, -2 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+13+15 °C
Көшпелі бұлтты,
күннің соңында жаңбыр.

Желдің жылдамдығы:
5-10 м/с

13.03.2024

Түнде:

0, -2 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жауын-шашын (жаңбыр, қар),
көктайғақ.

Күндіз:

0, +2 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жауын-шашын (жаңбыр, қар),
көктайғақ.

Желдің жылдамдығы:
5-10 м/с

www.almaty-akshamy.kz



САРАПТАМА

Парламент Мәжілісі:

ҚАЙ ПАРТИЯ КӨШ БАСТАП ТҰР?

Быттыр Мәжілістің VIII шақырылым депутаттары жаңа саяси маусымды жоғары деңгейде бастап еді. Парламенттің төменгі палатасы жаңа жылда да сол қарқынды сақтап келеді. Мәжілістің I сессиясында бірмандатты округтар бойынша сайланған депутаттар белсенділік танытқан болатын. II сессияда да олардың жұмыстары жайлы азды-көпті оқып жүрміз. Партияларға келер болсақ, өткен сессияға қарағанда ауыз көпіртіп айтатындай ерекшелік байқалмайды. Сол баяғы AMANAT партиясы көш бастап келеді. «Ақ жол» мен «ҚХП» арасында жылымық байқалады. Дегенмен, фракциялар арасында бұрынғы коммунистер партиясының саяси беделі түсіп жатқан сияқты...

ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ НӘТИЖЕ
ҚАЙТАЛАНБАДЫ

VIII шақырылым депутаттары II сессия аясындағы жұмысты жалғастыруда. Парламент іске кіріскеніне екі айдан асты. Ақпанда депутаттар уәкілетті мемлекеттік органдарға 60 сауал жолдаған. Қаңтар айымен салыстырғанда, 33%-ға өсім тіркелді. Қаңтарда депутаттар 45 сауал жолдаған еді.

Депутаттық сауал жолдауда өсім болғанымен, Мәжілістің жұмысы қыркүйектегі деңгейіне жете алмады. Жаңа саяси маусым басталған алғашқы айда 66 депутаттық сауал жолданған.

Айы	Барлығы	AMANAT	«Ақ жол»	«ҚХП»	«Ауыл»	Respublica	«ЖСДП»
Қыркүйек (2023)	66	32	10	7	6	3	3
Желтоқсан	68	29	11	6	3	0	5
Қаңтар (2024)	45	19	4	5	3	3	2
Ақпан	60	29	7	5	2	3	2

AMANAT – КӨШБАСШЫ
«ЖСДП» – КӨШ СОҢЫНДА

Мәжілістегі фракциялар арасында саяси бәсеке жоқ деуге болады. AMANAT билеуші партияға лайықты екенін дәлелдеп келеді. Ал өзге партиялар оған бәсеке бола алмай отыр. 29 сауалды «аманаттықтар» жолдаған. Қаңтардағы көрсеткіштен жоғары.

БАЙЫПТАМА

АРМЕНИЯНЫҢ ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚҚА АҢСАРЫ АУДЫ

Таулы Қарабақ соғысынан кейін Қап тауының арғы беті ауық-ауық назар аудартып келеді. Өткен апта Армения Сыртқы істер министрі Арарат Мирзоянның түркиялық БАҚ-қа берген сұхбаты да ел назарын өзіне бұрды. Сұхбатта ол Арменияның Еуропалық Одаққа кіруге өтініш беруді қарастырып жатқанын растаған болатын. «Растады» деп отырғанымыз, бұдан бұрын мұндай уәжді елдің премьер-министрі Никол Пашинян жасаған еді. Әрине, жалпы сұхбат ауаны бұдан бөлек ауқымды тақырыптарда өрбіген. Сөйтсе де, бейбітшілік пен соғыс арасында екіұдай күйде тұрған Қап тауының оңтүстік беті үшін бұл сөз назар аударуға тұрарлық. Мирзоянның сөзінен шыққан осы жіп ұшын тарқатып көрмекпіз.

МИРЗОЯННЫҢ СӨЗ ЛӘМІ

Өткен аптада Анталияда халықаралық дипломатиялық форум өтті. Оған Армения СІМ жетекшісі де қатысты. Түркиялық ақпарат кеңістігінде Мирзоянның форумға бара жатуы да біраз сөзге тамызық болып еді. Оның себебі белгілі, Қарабақ мәселесінде қарсыласына (Әзербайжанға) жақтас, әрі соның бауырласы Түркия жұрты армениялық лауазымдылар үшін тым қолайлы бола бермес. Сонда да Мирзоян түріктің ТРТ арнасына ауқымды сұхбатын берді. Сөз арасында ол: «Дәл қазір Арменияда көптеген жаңа мүмкіндіктер кеңінен талқыланып жатыр. Бұл талқылаулар Еуропалық Одаққа кіру мәселесін қамтитыны да жасырын емес», – деді. Былайша айтқанда, ЕО-ға мүше болуға ұмтылу Ереванның сыртқы қимылдарының бір бағыты ретінде қарастырыла бастаған.

Ереван жақтан мұндай сөздің айтылуы қазір ғана емес. Бұған дейін де армян ақпарат құралдарында да айтылып калып жүрді. Онда Армения премьер-министрі Никол Пашинянның Еуроодаққа өтініш беру процесін биыл жыл соңына дейін бастау жөнінде жоспарлағаны туралы сөз болған. Ал Түркия жерінде армян СІМ басшысы осы мәліметтерді тағы бір рет растап отыр. Сонымен, жүзеге асын-аспасын Арменияның Еуропа-

ға қарай ұмтылыс ниетінің бар екені ашыққа шыға бастағандай.

Әлбетте, армениялық саясаткердің сөз ләмінше, бұл Ереван қарастырып отырған «көптеген мүмкіндіктердің» бірі. Яғни «бетімізді түбегейлі Батысқа бұрдық» деген сөз емес. Оның үстіне, Мәскеуге ұнамайтын мұндай қадамды жасауда Армения секілді шағын елдің бірден ашық мәлімдемелермен бастамасы да белгілі. Кейбір ақпарат құралдарына пікір берген сарапшылар бұл сөзді түрік ақпарат кеңістігіне бағытталған сөз ретінде қарастырып жатыр. Яғни Әзербайжан қолдаушысы Түркия болса да, біз Еуропаға да бір қанатымызды жая аламыз деген ишараны жеткізгісі келеді дегендей. Қалай болса да бұл тосын сөз емес, күтулі нәтиже десе де болады.

СОҒЫСТАН KEЙІНГІ
САЛҚЫН ҚАБАҚ

Таулы Қарабақ соғысының барысы мен нәтижесі көзіқарақты жұртқа мәлім. Оны қайталамай-ақ қоялық. Десе де, осы соғыс қайта басталған тұста Арменияның Ресеймен болған қарым-қатынасы салқындап кетті. Тіпті, барған сайын алшақтап бара жатқан-дай көрінеді. Ереван қауіпсіздік одақтасы болып отырған Мәскеуді Әзербайжанға қарсы соғыста көмектеспеді деп айыптады.



Бұрынғы коммунистер жаңа жылды белсенді бастап еді. Ақпанда сол қарқынды сақтап қалды. Екі айда 5 сауалдан жолдаған. Қаңтарда ақжолдықтарды үшінші орынға ығыстырып еді, бірақ бұл жолы өздері үшінші орынға жайғасты. «Ақ жол» партиясы 7 сауал жолдап билеуші партиядан кейінгі орынды иеленді.

Respublica партиясы жылды белсенді бастаған болатын. Ақпанда да сол қарқынын сақтап қалды. «Республикалықтар» екі айда 3 сауалдан жолдаған. «Ауыл» партиясы фракциясы керісінше жұмысты бәсеңдеткен. Олар оппозициялық «ЖСДП» партиясы әрқайсысы 2 сауал ғана жолдаған.

Қалған 12 сауалды фракциялар мен бірмандатты округтар бойынша сайланған депутаттар бірлесіп жазған.

БІРЛЕСЕ КӨТЕРГЕН
ЖҮК ЖЕҢІЛ МЕ?

Депутаттық сауалдарды фракциялар мен бірмандатты депутаттар бірлесе жібере алады. Сонымен қатар, өзге фракция бастамасын қолдап сауал жолдауға құқылы. Бұл жағынан ақпанда «Ақ жол» партиясының фракциясы белсенділік танытып отыр. «Ақжолдықтар» өзге фракциялардың бастамасын 10 рет қолдаған.

«Ақ жол», «ҚХП», «Ауыл» және Respublica фракцияларының әрқайсысы 4 сауалға қосылған.

Өзге партияға бірлесе жазғаны	AMANAT	«Ақ жол»	«ҚХП»	«Ауыл»	Respublica	«ЖСДП»
Қыркүйек (2023)	13	7	28	13	15	11
Желтоқсан	11	11	11	16	9	12
Қаңтар (2024)	8	4	4	4	4	5
Ақпан	5	10	9	4	4	5

«АҚ ЖОЛ» МЕН «ҚХП»
АРАСЫНДА ЖЫЛЫМЫҚ БАЙҚАЛДЫ

Мәжілістегі фракциялар билеуші AMANAT партиясының бастамаларын қолдауды жалғастыруда. Бұл жолы әсіресе, «Ақ жол» партиясы белсенділік танытып отыр. Олар «аманаттықтардың» 9 депутаттық сауалын қолдаған. «Ақжолдықтар» быттыр сайлауда төмен дауыс алып еді. Сондықтан келесі сайлауға дейін билеуші партиямен етене жақын болу тактикасын ұстануды жөн көрген сияқты.

Өткен жылы желтоқсанда «Ақ жол» партиясы мен «ҚХП» арасының суығанын жазып едік. Соған қарағанда, «ақжолдықтар» бұрынғы коммунистерді келесі сайлаудағы басты бәсекелесі ретінде көруі мүмкін. Бірақ ақпанда олардың 1 депутаттық сауалын қолдаған.

Көрсеткіш	AMANAT	«Ақ жол»	«ҚХП»	«Ауыл»	Respublica	«ЖСДП»
Қай партиямен бірлесе жазған?	«Ақ жол» – 2 «ҚХП» – 1 «ЖСДП» – 1 Respublica – 1	AMANAT – 9 «ҚХП» – 1	AMANAT – 8 «ЖСДП» – 1	AMANAT – 4	AMANAT – 3 «Ақ жол» – 1	AMANAT – 4 «ҚХП» – 1

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



Турасында, бұл тарихи дау-дамайдың ауқымы Ұлттық қауіпсіздік шарт ұйымы сынды қауіпсіздік одағынан әлдеқайда кеңірек болғандай. Қауіпсіздік одағындағы Әзербайжанмен бауырлас Қазақстан және Қырғызстан үшін де жанжалға тікелей араласу мүлде қиынсыз еді. Қалай болған күнде де Арменияның ҰҚШҰ-дан бас тартуына толық себебі бар болып шықты. Бұл да болса Мәскеумен мәміленің салқындауын көрсеткен еді.

Жалпы, Қарабақ соғысынан бұрын да Никол Пашинян өзін батысшыл саясаткер ретінде көрсеткен болатын. 2018 жылы ол билікке келгеннен кейін де өз елін Еуропаға қарай бастайтынын аңғартқан. Алайда, билікті қолға алғаннан кейінгі әрекеттерінен кейін оны сынаушылар есесіне «Ресейге жақындап кетті» деген де сын айтқан. Не десе де, Пашинян Арменияны Батыспен қарым-қатынасын тереңдетуге бағыттау үшін жұмыс істеуді жалғастырды. Бұнысы оның дәстүрлі одақтасы Ресеймен қарым-қатынасының алшақтауына себеп болды. Пашинян сондай-ақ, Ресейді оның үкіметіне нұқсан келтіргісі келеді деп айыптағаны да бар. Өзіне қарсы ел ішіндегі кейбір наразылық толқуларының артында Мәскеу тұр деген де пікірлері айтылып қалады.

Сондай мәлімдемелердің бірі ретінде Пашинян өткен айда ҰҚШҰ қалу-қалмау мәселесін қарастырып жатқанын да мәлімдегені бар. Бұған қоса, Арменияның Ресей–Украина мәселесінде Ресейдің одақтасы емес екенін қайталаған еді.

«ЕУРОПАНЫҢ АУЫЛЫ АЛЫС,
ЖОЛЫ ҰЗАҚ»

Армения тұрғысынан алғанда солай демеске шара жоқ. Шыны керек, Ереван толықтай Еуропаға бет бұрған күннің өзінде құшақ

жайып күтіп тұрған ЕО жоқ. Себебі, Еуропа-лық Одаққа мүше болу оңай әрі тез жүзеге асатын процесс емес. Кемінде ондаған жыл тұрақты сыртқы саясат арқылы жүзеге асуы мүмкін. Оның өзінде ЕО мүшелерінен толық қолдау тапқан жағдайда. Бұл арада Армения алдында өзінен бұрын Батысқа талпынған бірқатар елдердің тәжірибе сабағы бар. Айталық, көршісі Грузияны алсақ болады. Ұзақ жылдан бері Еуропаға деген ұмтылысқа қарамастан әлі де ЕО мен Ресей арасындағы ұзақ процесті бастан кешіп келеді.

Көз алда Арменияның ЕО-ға мүше болуына ешкім сенбейді. Сөйтсе де, бұл мәселе-ні талқылаудың біз үшін де өзіндік себебі бар. Егер Ереван тарапынан Еуропаға талпыныс қадамы, батысшылдық сыртқы саясаты белсенді күйге көшетін болса, бұл Мәскеуге мүлде ұнамсыз болып табылуы мүмкін. Ол дегеніміз, енді ғана тыныштала бастаған, бейбіт келісімдер талқыланып жатқан аймақ үшін жаңа бір дау-шардың білтесі болып кетуі ғажап емес. Себебі, соңғы өзгерістер Мәскеудің аймақтағы ықпал-әсеріне деген күмәнді күшейтті. Бұдан ары жоғалтуды Кремльдің қаламасы анық. Не десек те, Қап тауындағы тұрақтылық біздің импорт-экспортты әр тараптандыру сынды мүддемізге тікелей әсер ететін мәселе. Сондықтан да аймақтың қауіпсіздігі мен тұрақтылығы тұрғысынан ондағы өзгерістер бізді де бей-жай қалдырмайды.

Естай БОЖАН,
сарапшы.





ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

БАУЫРМАЛДЫҚ БАЙЛАНЫС

Қазақстан–Әзербайжан қарым-қатынасы жаңа сатыға көтеріледі

(Басы 1-бетте)

Қазақстан мен Әзербайжан қарым-қатынасы соңғы жылдары саяси, сауда-экономикалық, транзиттік-логистикалық, энергетика, ауыл шаруашылығы, мәдени-гуманитарлық салаларда жан-жақты дамып келеді. Мақаламызда Мемлекет басшысының Әзербайжанға мемлекеттік сапары аясында Түркі интеграциясының бүгінгі мен болашағын талдап көрейік.

• Біртұтас Түркі идеясы XX ғасыр барысында Мұстафа Шоқай, Мағжан Жұмабаев және т.б. тұлғаларды біріктірген бірегей стратегиялық идея болды. Бүгінде Түркі елдері аймақта ғана емес, халықаралық қауіпсіздік жүйесінде алымды ықпалға ие саяси институт.

• Алғаш рет 1992 жылы Түркі тілдес мемлекеттердің саммиті ұйымдастырылып, біртұтас түркі идеясының құрылымдық қайта жаңғыруы болды. Қазақстан бастамасы негізінде 2006 жылы талқыланып, 2009 жылдың 3 қазанында Әзербайжанның, Нахшыван қаласында Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі болып құрылды.

• Стамбул қаласында 2021 ж. VIII саммитте Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі Түркі мемлекеттері ұйымы болып толық қалыптасты. Бүгінде Түркі мемлекеттері ұйымы жалпы аумағы 4,5 миллион шаршы шақырым, түркі елдерінің әлеммен жалпы тауар айналымы шамамен 1,3 триллион долларды құрап, 160 миллионнан астам халықты қамтиды. Түркі мемлекеттері ұйымы аясында ТҮРКСОЙ, Түркі академиясы, Түркі мәдениеті мен мұрасы қоры, Түркілік инвестициялық қор сияқты басқа да салаланған ұйымдардың жұмысын тиімді жүргізіп отыр.

• Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдерден тыс, қазірде бақылаушы-мемлекет ретінде Мағжарстан, Түркіменстан және Солтүстік Кипр елдері мүше.



(Дереккөз: mail.kz)

Мемлекетаралық тауар айналымы 5 есеге өсті

Қасым-Жомарт Тоқаев Әзербайжан мемлекеттік сапары алдында, әзербайжандық АПА ақпарат агенттігіне берген сұхбатында Қазақстан мен Әзербайжан Түркі мемлекеттері ұйымының негізін қалаушы елдер деп атап өтті. Әзербайжан мен Қазақстан Түркі интеграциясының сәтті жүзеге асуына бірден-бір мүдделі елдер. Жақында ғана Президент сайлауында айқын дауыспен жеңіске жеткен Ильхам Алиев президент инаугурациясында «Біздің отбасымыз – түркі әлемі. Түркі мемлекеттері ұйымының халықаралық саясатта бірегей қатысушысы әрі күш орталығы болуына жұмыс жасауымыз керек» деп атап өткен еді.

Соңғы жылдары Ресей мен Украина арасындағы геосаяси қақтығыстың шиеленісуі себепті дәстүрлі қалыптасқан Ресей арқылы Еуропаға тауар тасымалдау жолы санкцияға ілініп, баламалы бағыт ретінде, соңғы екі жылда Қазақстан мен Әзербайжан арасында көлік-логистика саласы жаңа деңгейге көтерілді. 2020 жылдан бері мемлекетаралық тауар айналымы 5 есеге өсті (109-дан 529 миллион долларға дейін). Қазақстан Әзербайжан байланысы Транскаспий халықаралық көлік маршрутының (Орта дәліз) өткізу қабілетін кеңейту, Каспий теңізінің түбімен талшықты-оптикалық байланыс желісін (ТОБЖ) орнықтыру және энергетикалық кабельді тарту, мұнай мен уранды Баку арқылы Еуропаға экспорттау сынды маңызды жобалар негізінде беки түспек.

Каспий теңізі – бауырлас елдер арасындағы алтын көпір

Каспий теңізі Қазақстан мен Әзербайжан арасында стратегиялық әріптестік пен өзара сенімнің нышанындай. Ғасырлар бойына мәдениеті мен танымы ұқсас қос халықтың әлеуметтік-мәдени байланысының қалыптасуында Каспий теңізінің маңызы өте зор болды. ХХІ ғасырда Каспий теңізі Қазақстан мен Әзербайжан арасында көлік-логистикалық, тауар тасымалы саласында ерекше мәртебеге ие.

2018 жылғы 12 тамызда Ақтау қаласында қол қойылған Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияда жағалаудағы елдердің үйлесімді ынтымақтастығы мен теңіз ресурстарын ұтымды пайдаланудың іргелі қағидаттары белгіленді.

Еуразия даласындағы геосаяси шиеленістер күрделеніп тұрған шақта, Қазақстан үшін Каспий теңізіндегі барлық көршілерімен өзара тиімді және прагматикалық байланысты арттыру өзекті. Каспий теңізінің экономикалық әлеуетін жан-жақты дамыту бүкіл өңір үшін маңызды. Каспий теңізі аясында Қазақстан мен Әзербайжанның бірлескен өңірлік жобалары сәтті жүзеге асуда. Транскаспий халықаралық көлік бағыты және теңіз түбімен талшықты-оптикалық байланыс желісін тарту жобалары соңғы жарқын мысалы. Аталмыш жобалардың болашағы Орталық Азия мен Оңтүстік Кавказ арасында іргелі көпір ретінде, күллі Батыс пен Шығыс арасын

логистикалық негізде байланыстыратын болады.

Транскаспий халықаралық көлік бағыты бойынша 2022 жылы тасымал көлемі екі есеге (2022 жылы – 1,7 миллион тонна), 2023 жылы 65 пайызға артып, бүгінде 2,7 миллион тоннаға өсті. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың мәлімдемесіне сәйкес, «Орталық дәліз» арқылы сауда көлемін 10 миллион тоннаға арттыру көзделіп отыр. Болашақта Каспий аймағы арқылы Оңтүстік Кавказ, Түркиямен, Орталық Азия елдерімен, ЕАЭО және Қытаймен трансаймақтық негізде тікелей сауда тасымалын қалыптастыратын әлеуетке ие.

Баршаға ортақ құндылық

Әзербайжан соңғы жиырма жылда Қарабақ мәселесі бойынша қалыптасқан даулы мәселені соңғы жылдары тиімді шеше білді. Қазірде Қарабақ аймағы толық ресми Баку бақылауына өтіп, тұтас аймақ қайта жаңғырды.

Әзербайжан тарапы Қарабақ мәселесін бейбіт шешуде Түркі бірлігінің ықпалын жоғары бағалайды. Қазақстан тарапы Қарабақ мәселесінде ресми Бакудің ұстанымын қолдайтынын әрқашан айтып келуде. Мемлекеттік қолдау ретінде азат етілген Шуша қаласының Құрманғазы атында балаларды өнер мен ғылымға дамыту орталығын салуы жарқын мысалы. Қазіргідей геосаяси жағдаяттың шиеленісуі қарсаңында Түркі әлемі қауіпсіздік саласында нақты институционалдық құрылымдарды қалыптастыратын кез келді.

Институционалдық негізде, әрбір интеграциялық ұйымның тиімді жүзеге асуында ортақ құндылықтан бөлек, ұжымдық қауіпсіздік шартының болуы маңызды рөл атқарады. Еуразия даласының басым бөлігін алып жатқан Түркі мемлекеттері ұйымы аясында экономика, логистика, әлеуметтік салаларды тиімді жобалар сәтті жүзеге асқанымен, қазірге дейін ұйым аясында ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған нақты жобалар қажет. Түркі әлемі аясында Солтүстік Атлантикалық Қауіпсіздік Ұйымының баламасы негізінде бірегей құрылым қажет. Аталмыш қауіпсіздік шарты Еуразия даласындағы геосаяси қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі бірден-бір тиімді механизм қалыптастырмақ.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.



БРИФИНГ

АЛИМЕНТТЕН ҚАШЫП ЖҮР...

Алматы қаласының жеке сот орындаушылары алимент өндіріп алумен белсенді түрде айналысады. Бұл туралы ӨКҚ брифингінде Алматы қаласы Жеке сот орындаушылары өңірлік палатасының басшысы Айдын Қайдаров мәлімдеді.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Оның айтуынша, қазіргі уақытта Алматы қаласы бойынша алимент өндіріп алу бойынша 18 мыңнан астам іс орындалуда. Неғұрлым тиімді жұмыс істеу үшін кейбір тәжірибелі алимент міндеттемелерін орындауды ғана пысықтайтын 10 мамандандырылған кеңсе құрылған. Алматыдағы ең үлкен алимент бойынша берешек бүгінде 63 миллион теңгені құрайды.

«Өкінішке қарай, статистика алимент төлеудің біраз жағдайын көрсетеді. Біздің мақсатымыз – мәселенің заңды жағын қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар қоғамның назарын осы өзекті мәселеге аудару. Берешегі үш айдан асатын 1000 проблемалық істің ішінде біз белсенді жұмыс жүргізіп жатырмыз. Алимент төлемейтіндер көбінесе өз



әрекеттерін тұрақты жұмыстың жоқтығымен дәлелдейді, осыған байланысты ТЖК тарапынан қамауға алу және шектеулер түрінде мәжбүрлеп орындау шараларына ұшырайды», – дейді спикер.

Брифингке қатысқан Алматы қаласы Әділет департаментінің сот орындаушыларының қызметін реттеу және бақылау бөлімінің басшысы Әнуар Жексеков борышкерлерден алимент өндіріп алуда қиын болатын себептер бар екенін атап өтті.

ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Ко-

дексінің 138-бабына сәйкес ата-аналар кәмелетке толмаған балаларын асырауға міндетті. Мазмұн беру тәртібін ата-аналар дербес айқындайды. Палата борышкерлер арасында балаларды асырау және алимент төлеудің түрлі тәсілдері туралы келісім жасасу мүмкіндігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Ата-аналар кәмелетке толмаған балаларын асырау туралы келісім жасасуға құқылы. Алимент келесі жолмен төленуі мүмкін:

- алимент төлеуге міндетті адамның табысына және (немесе) өзге де табысына үлестерде;
- мерзімді түрде төленетін нақты ақшалай сомада;
- біржолғы төленетін нақты ақшалай сомада;
- мүлікті беру арқылы.

Айдын Қайдаров Алматыда борышкер жасаған медиа-тивтік келісім шеңберінде 3 бөлмелі пәтерді алимент бойынша ірі берешекті өтеу есебіне беру секілді бұрын-соңды болмаған жағдай орын алғанын атап өтті. Онда да борышкер пәтердегі үлесінің жартысын алимент есебінен береді. Борышкерден мүлікті мәжбүрлеп алып қою мысалдары бар. Жақында борышкерден 570 Лексус одан әрі іске асыру үшін тәркіленді. Жыл басынан бері барлығы 10-нан астам борышкер автокөлігі тәркіленді.

Сонымен бірге, ол жүргізуші куәлігін тоқтата тұру нәтижесіне тиімді әсер ететінін атап өтті. Бүгінгі таңда ТЖ мен Алматы Яндекте жұмыс істейтін борышкерлердің қосымша жалақысын анықтауда.



КӘСІПКЕРЛІК

Индустриялық аймақтар құру – ең алдымен елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына әрі халықтың тұрмыстық ахуалын жақсартуға жол ашады.



**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Алматы бұл бағытқа ерекше көңіл бөліп келеді. Алып шаһар инвестициялық тартымдылықты арттыру, жаңа өндіріс орындарын ашу мен экономиканың шикізаттық емес секторын дамыту барысында қатысушылар саны мен тартылатын инвестициялар көлемі бойынша ҚР-дағы ең ірі аймақ болып отыр.

Құрылған сәттен бастап Алматы индустриялық аймағының аумағында жалпы сомасы 128,8 млрд теңгеге 30 жоба іске асырылды. Кәсіпорындарда 3543 жұмыс орны құрылды. Осы кезеңде компаниялар 1746 млрд теңгеге өнім өндіріп, 45,8 млрд теңгеге салық төлеген.

Алматының индустриялық аймағының директоры Әлішер Сатыбалдиевтің мәліметінше, 2023 жылы мегаполистің индустриялық аймағындағы компаниялар 796,6 млрд теңгеге өнім өндіріп, 9,2 млрд теңгеге салық төлеген. Бұл туралы ол Алматы қаласы Өңірлік коммуникациялық қызметі алаңында өткен брифингте баяндаған болатын. Оның айтуынша, бір жыл ішінде жалпы сомасы 4,8 млрд теңгеге үш ірі өнеркәсіптік кәсіпорын іске қосылып, 229 жұмыс орны ашылған.

Өңірлік үйлестіру кеңесінің 9 отырысының қорытындысы бойынша өткен жылы индустриялық аймаққа қатысушылардың тізіліміне жалпы жеке инвестиция сомасы 305,1 млрд теңгені құрайтын және 5933 жаңа жұмыс орнын құратын 32 жаңа компания енгізілді. Алматы индустриялық аймағына барлығы 497,85 млрд теңгеге жобалары бар, 12 398 жұмыс орнын құрып отырған 91 компания қатысып отыр. Ірі жобалар машина жасауға, құрылыс материалдарын өндіруге, сондай-ақ макулатураны қайта өңдеуге бағытталған.

ИНДУСТРИЯЛЫҚ АЙМАҚ отандық өндірістің өрісін кеңейтеді



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Суреттің авторы: Сағат Құсегінов

Өнеркәсіптік парктер құрылысы белсенді жүргізілуде

Шағын өнеркәсіптік парктер (ШӨП), бұл – шағын және орта бизнес субъектілеріне бір шаршы метріне 1350 теңге тіркелген жалдау мөлшерлемесімен және үй-жайларды одан әрі сатып алу мүмкіндігімен жалға беру үшін коммуникациялары бар өндірістік үй-жайлар.

Әлішер Сатыбалдиевтің мәліметінше, қазіргі уақытта Алматыда инвестиция көлемі 13,2 млрд теңге және жалпы ауданы 133,2 мың ш.м. болатын, 2999 жұмыс орнын құрып отырған 29 шағын өнеркәсіптік парк жобасы іске асырылуда.

Оның ішінде 24 ШӨП жобасы Алматы индустриалды аймағының аумағында орналасқан. Инвестициялардың жалпы сомасы – 7,95 млрд теңге, ауданы – 78,4 мың ш.м., 2575 жұмыс орны құрылды.

«Қалған 5 ШӨП Алматы қаласының аумағында орналасқан. Инвестициялардың жалпы көлемі – 1,22 млрд теңге, жалпы ауданы – 17,4 мың ш.м., 424 жұмыс орны құрылды», – дейді А.Сатыбалдиев.

Бүгінде Алматының индустриялық аймағына орналасып, жақсы жобаларды іске асырамын деген кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан көптеген қолдаулар баршылық. Бұл кәсіп ашып, соның нәсібін көремін деген кез келген кәсіпкерге үлкен көмек екені даусыз. Ол үшін кәсіпкер жобасын өңдеуші салаға бағыттаса болғаны. Неге десеніз, жасалған жоба сараптамадан өткенде оның қоршаған ортаға залал келтірмеуі мен экологиялық және әлеуметтік-экономикалық тиімділігіне басымдық беріледі. Айналып келгенде, мұның барлығы отандық өндіріске кең қанат жая отырып, халықтың әл-ауқатын жақсартуға септігін тигізеді.

ЖАҚСЫ ЖОБАЛАР БАР

Ағымдағы жылы Алматы индустриялық аймағының аумағында 565 жұмыс орнын құрумен 10 инвестициялық жоба ашу жоспарлануда.

Атап айтқанда, биыл тұрмыстық химия және жеке гигиена құралдарын шығаратын «Telli Ondiris» зауыты; «Розан Азия» деп аталатын халықаралық төлем жүйелерінің банк карталарын шығаратын зауыт; «Kapital Construction» – арматуралық тор, кварц агломераттары және профильді құбырлар шығаратын зауыт; «ЖБИ Гарант» – толық циклді темірбетон бұйымдарын шығаратын зауыт; «Kazakhstan Mobility Engineering» – автомобильдерге арналған электрондық аудио және бейне жабдықтар шығаратын зауыт; «Vehicles Almaty» – автомобиль орындқтарын шығаратын зауыт; «АвтоПластТехнолоджи» – автомобильдерге арналған резеңке және пластик бұйымдар шығаратын зауыт; «Astana Motors Engineering» – койма үй-жайлары; ауданы 5100 шаршы метр «Almaty Building & Co» КП шағын өнеркәсіптік паркі және ауданы 3000 шаршы метр «Industrial Place» шағын өнеркәсіптік паркін құру жұмыстары қолға алынып отыр.

МЕГАПОЛИС

Алып шаһарымыз Алматыда Dedeman Hotels & Resorts International халықаралық желісінің заманауи 4 жұлдызды қонақүй ашылды. Park Dedeman Almaty жобасына 4 млрд теңгеден астам жеке капитал тартылған.

Алматыда 4 жұлдызды қонақүй ашылды

Қалада барлығы 2024–2027 жылдары пайдалануға берілетін 3287 нөмірі бар 23 жаңа қонақүйдің құрылысы жүргізіліп жатыр:

- 1067 бөлмелі 7 қонақүй – 2024 жылы;
- 930 бөлмелі 7 қонақүй – 2025 жылы;
- 746 бөлмелі 5 қонақүй – 2026 жылы;
- 544 бөлмелі 4 қонақүй – 2027 жылы.

Қалалық туризм басқармасы Алматының еліміздің ірі іскерлік және туристік орталығы мәртебесін көрсете отырып, қонақүй инфрақұрылымының саны мен сапасы бойынша Қазақстанда көшбасшы орында тұрғанын хабарлайды. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, былтырғы 9 айда Алматыға 1,5 млн адам келді, оның 409,4 мыңы шетелдік турист. Бұл ретте туристердің жалпы санының 60%-ы 4 және 5 жұлдызды қонақүйлерде (246 256 адам) тұруды жөн көреді.

– Желілік қонақүйлерді тарту Алматының халықаралық нарықтағы туристік дестинация ретіндегі жоғары тартымдылығын көрсетеді. Нөмірлік қордың ұлғаюы туристердің мегаполисте болу ыңғайлылығын арттырады және туристік саланың дамуына оң әсерін тигізеді. Осыған байланысты біз шетелдік туристерге арнап орналасу орындарын ұлғайту және олардың санын көбейту бойынша жұмысты жалғастырамыз, – деді Алматы қаласы Туризм басқармасының басшысы Ғалия Токсейітова.

Естеріңізге сала кетейік, 2023 жылы жеке инвестициялар есебінен Алматы қаласында 161 орынға арналған 4 нысан ашылды: «Qazaq Auy!» мейрамханалық кешені бар эконо-қонақүй – 16 үй, «Grand Mildom» қонақүйі – 112 бөлме, «Medeu camp» – 13 маусымдық глампинг, «Dami hotel» – 20 бөлме. Алматы қаласында түрлі санаттағы 345 қонақүй тіркелген: 5* – 7 қонақүй (үлесі – 2%), 4* – 19 қонақүй (үлесі – 5,5%), 3* – 5 қонақүй (үлесі – 1,4%), санатсыз – 188 қонақүй (үлесі – 54,5%), басқа да типтер (пансионаттар, лагерьлер және т.б.) – 126 нысан (үлесі – 36,5%). Алматы қаласының нөмірлік қоры 11 454 бірлік, қонақүй нысандарының біржолғы сыйымдылығы 21,8 мың орын.

Ернұр ЕРІАНҰЛЫ.

ЦИФРЛАНДЫРУ

«ЖАС МАМАН»

тәлімгерлерге жасалған үлкен мүмкіндік

«Жас маман» жобасы аясында ҚХР-да халықаралық тағылымдамадан өткен педагогтардың тәжірибесімен жабдықталған оқу шеберханасымен таныстыру жұмыстары жүргізілді.



**Ернұр
РЫСБАЙ**

Алматы қаласы Білім басқармасының «Алматы телекоммуникация және машина жасау колледжі» КМҚК өндірістік оқыту шеберлері мен арнайы пән оқытушыларының тағылымдамадан өту бағдарламасын іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 12 қазандағы №726 «Білімді ұлт». Сапалы білім беру» қаулысымен бекітілген Ұлттық жобада белгіленген мақсаттар мен міндеттерді басшылыққа ала отырып, Қытай Халық Республикасында тағылымдамадан өткен болатын.

Басты мақсаты – білім алушыларға заманауи eNSP бағдарламалық платформасы арқылы байланыс желісін орнатуды үйретіп, біліктіліктері мен дағдыларын дамыту және ҚХР-да халықаралық тағылымдамадан өткен педагогтардың «HUAWEI» компаниясының бағдарламалық платформасымен жұмыс істеу тәжірибесін оқу бағдарламасына енгізу. Осы орайда Қытай мемлекетінде тағылымдамадан өткен колледждің өндірістік оқытушысы **Аслан Әшірбаев** жоба жайында өз пікірін білдірді.

«Қытайда 5G интернет желісі жақсы дамыған. Біз сол елден алып келген тағылымдалық білімді колледжіміздің оқу бағдарламасына енгізіп отырмыз. Бұрынғы байланыс саласындағы монтаждауды үйрететін болсақ, қазіргі уақытта IP адресстерді енгізіп, станцияларды баптау алатын мамандар дайындау басты мақсатымыз. Сонымен қатар, студенттерімізге виртуалды интернет жүйесін құрауды, модемдерді баптауды үйретудеміз. Болашақта біздің түлектеріміз еліміздегі 5G интернет желісінің дамуына үлес қосады деген үміттеміз», – деді А.Әшірбаев.



Жобаның маңызды тұсы жайында Алматы телекоммуникация және машина жасау колледжінің директоры **Ардақ Коджахметова** айта кетті.

«Жас маман жобасы 2021 жылдан бастап енгізілген болатын. Бұл біздің тәлімгерлерге жасалған үлкен мүмкіндік. Жыл сайын 10-ға жуық мұғалімді шет мемлекеттерге оқуға тегін жіберудеміз. Әрине, қаламыздың білім басқармасының қолдауымен. Мұндай маңызды жобалар болашақ мамандық иелері үшін өте маңызды. Бұл жоба заман талабына сай мамандарды даярлайды. Осындай шет мемлекеттерден тәжірибе алып келгендердің білімдерін оқу бағдарламасына қосып отырмыз. Тіпті, арнайы құралдармен жабдықталған сынып даярладық. Қателеспесем, ондай құралдар тек біздің оқу ордамызда ғана бар», – деді А.Коджахметова.

Іс-шара барысында білім алушылар eNSP бағдарламалық платформасын қолдана отырып, IP мекенжайын беріп, интернет желісін орнатты. Сондай-ақ, «Оптикалық талшықтарды дәнекерлеу және оптикалық муфтань монтаждау» процесін жүзеге асырды. Сонымен қатар, «Ақпараттық-кабельдік желілер» құзыреттілігі бойынша «WorldSkills» жарысына дайындық жұмыстары жүргізілуде.



ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

«АҚЫЛДЫ
БАҒДАРШАМ»адаптивті басқару
жүйесіне толық
қосылады

Алматыда жыл соңына дейін 500-ге жуық «ақылды бағдаршам» іске қосылады. Таюда қаламыздағы бағдаршамдарға адаптивті басқару жүйесін енгізу аяқталады. Шаһарымызда биыл жол қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйесі (ЖҚБЖ) жобасын іске асыру жалғасады. Көшелердің өткізу қабілетін арттыру мақсатында жүйеге қаланың барлық бағдаршамы қосылады.

Жобаны іске асырудың бірінші кезеңі 2021 жылы, ЖҚБЖ-ға 93 бағдаршам қосылған кезде басталды. Сонымен қатар, орталық басқару пунктін үй-жайын, мамандандырылған жабдықтарды қайта жаңарту жүргізілді, бағдарламалық жағынан қамтамасыз етілді. Мұнымен бірге, жалпы ұзындығы 56,5 км болатын жаңа талшықты-оптикалық байланыс жүйесі салынды. Барлық 93 бағдаршам нысаны еуропалық электронды жабдықтармен толықтырылды.

Алматы қалалық Мобильділік басқармасының хабарлауынша, биыл басталатын жобаның екінші кезеңі аясында қалған 498 бағдаршам нысанын жаңғырту жоспарлануда. Бұл жұмыстар биылғы екінші жартыжылдықта Алматы әкімдігінің жобалық кеңсесі аясында басталып, жыл соңына дейін аяқталады.

«Соның нәтижесінде бағыт бойынша нақты қозғалыс қарқыны ескеріле келе, уақыт тәртібінде (режим) қиылыстардағы жол қозғалысын реттеу қамтамасыз етіледі. Яки, сенсор мен камералар келесі қиылысқа көліктің нақты санын жібереді. Тиісінше, кері санақ тақтасы адаптивті тәртіпте жұмыс істейді», – деп мәлімдеді Алматы қалалық Мобильділік басқармасы.

Болашақта бұл жүйеге бағдарламалық қамтамасыз етуді біріктіру жоспарлануда. Әлбетте, бұл қиылыста мамандандырылған және қоғамдық көлікке басымдық беруге жол ашылады.

А.ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.



БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

ЖЫЛУ МАГИСТРАЛІ
ҚАЙТА ЖАБДЫҚТАЛАДЫСаин мен Шалыпин көшесінің
қиылысынан бастап оңтүстік-батыс беткейге
қарай жылу магистралі қайта жөнделетін
болады.Айнабай
МӘДИ

Жылу трассасын қайта құру бойынша аумақты инженерлік дайындауға қатысты көшпелі баспасөз мәслихатында «АлЖЖ» ЖШС өкілдері, Әуезов ауданы әкімдігінің экология бөлімінің сарапшысы және «Алматыинжстрой» АҚ мердігерлік ұйымының мамандары БАҚ өкілдеріне жылу магистралін жөндеудің жайын түсіндіріп, алдағы реконструкциялау жұмысының жоспарын жариялады. Баспасөз мәслихаты барысында мамандар жоспарланған жұмыстарды баяндап, инженерлік желілерді жаңғыртудың жылумен жабдықтау сапасына қалай әсер ететіні туралы айтып, тілшілерді қызықтырған сауалдарға жауап берді.

«Ағымдағы жылы осы «М-8» деп аталатын магистральді қайта жабдықтау жоспарлануда. Бұл өзі қолданыстағы магистраль. Аталған жылу магистралі 1991 жылы салынған. Одан бері отыз жыл өткендіктен, тоза бастағаны түсінікті. Аяқасты жарылып кетуін жоққа шығаруға болмайды. Сондықтан бұл – шұғыл шара. Осы магистраль 300-дей нысанды: көппәтерлік үйлерді, балабақша, мектеп, емхананы, т.б. мекемелерді жылумен қамтамасыз етуде. Қайта жабдықтаудағы ендігі міндет – жылу желісін сапалы етіп орналастыру, сондай-ақ оның тоқтаусыз жылу беруін қамтамасыз ету. Бүгінгі басқосудағы мәселеге

тұрғындар түсіністікпен қарайтынына сенеміз. Өйткені, бұл шара – ең алдымен, қаламызға аса қажет шаруа», – дейді «АлЖЖ» ЖШС-нің техникалық директоры Темірхан Әлжан.

Бұл жұмыстардың жүргізілуін жылу мен суға деген бағаның көтерілуімен, тарифтік инвестициямен байланыстыра кетсек, сөзіміз бекер болмас. Бұл жұмыстардың жартыжолда қалмай, қыркүйектің соңына дейін аяқталады деген сенімдеміз. Осы ретте Сайн көшесінің бойымен Шалыпин көшесінен Ұлықбек көшесіне дейінгі аралық 1,5 шақырымдық жылу желісінің жұмысы биылға жоспарланып отыр. Жалпы, жоспарланған жылу желісінің ұзындығы – 3 шақырым.

Төңірек тұрғындарының мазасызданатын да жөні бар. Жылу желісінің жөнделуіне байланысты оның үстіне отырғызылған ағаштардың кесілуі. Әлбетте, көшеттер көктемнің соңына таман отырғызылатын болады. Онда да аса биік болмайтын, тамыры тереңдеп кетпейтін бұтақты ағаш көшеттері егілетін болады. Бұрын салынған жылу трассасында ағаштар мен жасыл желектердің болуына байланысты жобада инженерлік дәлізге балама болмағандықтан, қайта отырғызу және орнына ағаш отырғызу көзделгені анық.

«Біз мұнда жылу желісін жөндемекпіз. Мұндағы бір маңызды мәселе жылу желісінің үстіңгі жағындағы жасыл желек болып тұр. Аталған жылу желісі қорғау аумағына кіргендіктен, бұл жерде мынадай тамырын тереңге тартатын үлкен ағаштар болмауы тиіс. Осыған орай, тиісті құжаттар жиналып, рұқсат алынды. Жылыту маусымы аяқталатын 15 сәуірде бастап трасса үстіндегі ағаштарды кесетін боламыз. Колода бар мәліметке сүйенсек, 177 ағаш кесіліп, 116 ағаш көшеті қайта отырғызылады. Әлбетте, экология басқармасы белгілеген жерлерге 1777 ағаш көшеті өтемақы ретіндегі жаңадан отырғызылатын болады, – «Алматыинжстрой» АҚ-ның жоба жетекшісі Сәкен Бердібаев.

ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

Карантин мен пандемия адамзат өміріне көптеген жаңа өзгерістер енгізді. Қоғамда қалыптасқан көптеген құрылымдар өзгеріске ұшырады және жаңа мүмкіндіктер пайда болды. Қашықтан жұмыс істеу, онлайн оқу мен онлайн сауда сынды ұғымдар адамдардың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне айналды. Жабдық есіктер ашылып, қатал карантин аяқталса да, бір-екі жылда қоғамға сіңіп үлгерген онлайн қызметтер қолданыстан кеткен жоқ. Қайта бұрын-соңды болмаған қарқынмен дамып келеді. Әсіресе, карантинге дейін де танымал болған онлайн саудаға сұраныс артып, базарға келетін халық қарасы азайды.

Досбол
АТАЖАН

Оны онлайн саудаға байланысты ресми деректер мен жеке ұйымдардың зерттеулері дәлелдеп отыр. Мысалы, Freedom Finance Global зерттеуінше, қазіргі уақытта азаматтар киімдерден бастап, косметика, тұрмыстық техника, электроника, азық-түлікке дейін онлайн-дүкендерден алуға бейімделген. Өткен жылы қазақстандықтар арасында онлайн алынған ең танымал тауар – ересек адамдардың аяқкиімдері болған. Үйден шықпай алынған заттардың 58%-ы осы тауарлар санатына

ОНЛАЙН САУДА
базарлардың орнын баса ма?

жатады. Екінші орында косметика мен парфюмерия (39,4%) тұр. Гигиена құралдары, шаруашылық тауарлар, смартфондар мен планшеттер және іс-шаралардың билеттері де жоғары сұранысты тауарлар қатарынан көрінді.

Көше кезіп, базар аралағаннан гөрі бір батырма арқылы тауар алғанды негізінен 16–24 жастағы жерлестеріміз жақсы көреді екен. FFG деректеріне сәйкес, осы жас санатындағы жастар онлайн-платформаларда айына кемінде 2–3 рет сауда жасайды. Ал 45–55 жастағы тұтынушылар тауарды жарты жылда бір рет сатып алуға бейім. Жалпы, онлайн сауда жасаудың артықшылықтары ретінде адамдар мына мүмкіндіктерді атаған: сайттың не мобильді қосымшаның ыңғайлылығы, тауарды кез келген жерде кез келген уақытта сатып алу мүмкіндігі, ең қолайлы бағаны іздеу мүмкіндігі және тауарлардың не көрсетілетін қызметтердің кең ассортименті.

– Қазір базардағы саудаға қарағанда онлайн сауда қызып келеді. Базардан тек тұрақты сатып алушылар ғана іздеп келіп, сатып алады. Әлеуметтік желілерге тауарыңды жарнамаласаң, өзге қалалардан тапсырыс беріп жатады. Бұл бір жағынан жұмысты жеңілдетеді. Дегенмен, қазіргі уақытта тұтынушылардың қаражатының аздығы ма, базардағы сауда бұрынғыдай қызып тұрған жоқ», – дейді Ержан есімді «Кенжехан» базарының саудагері.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев

бұл мәселеге соңғы жылдары көңіл бөліп келеді. Ол базарларды жаңғырту мәселесі туралы халықпен кездесулері барысында бірнеше рет пікір білдірген болатын.

«Бүгінде қалада 60 базар бар, соның ішінде менің тапсырмам бойынша 22 базар жаңғыртылды, 27 базар бойынша жұмыс жалғасуда», – деп шаһар басшысы атап өткен еді. Сондай-ақ, базардағы жосықсыз меншік иелеріне қатысты қандай шаралар қабылданғаны да айтылған болатын. Қазіргі уақытта 6 базар бойынша ішінара бұзу туралы сот шешімі шығарылды («Кәрім», «Көтерме сауда», «Арыстан», «Тигрохауд», «Үшқоңыр», «Жетісу»), 3 базар бойынша қолданыстағы заңнама нормаларының бұзылуы анықталып, сотқа талап-арыздар жіберілді, тағы 27 базар бойынша іс басталады. Одан бөлек, 6 базар бұзылады деп жоспарланған. Олардың орнында 4 қоғамдық кеңістік («Бахар», «Алтай», «Үміт», «Рахат»), 1 метро станциясы («Барлық») және 1 «жайлы мектеп» («Ақ-орда») салынады.

Ал Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы жан-жақты жоспарлаудың жаңа жобалары бойынша сауда кеңістіктерін айтарлықтай жаңарту қарастырылғанын мәлімдеді. Мысалы, Алмалы ауданында Розыбакиев көшесінің бойындағы «Тастақ» және «Көтерме сауда» базарлары модернизацияланады. Жетісу ауданында Солтүстік айналма жолы бойындағы базарларды жаңғырту, сондай-ақ су қорғау белдеулерін абаттандыру және тазарту көздел-

ген. Бұл шаралар сауда алаңдарының сапасын едәуір арттырады және келушілер мен кәсіпкерлер үшін қолайлы жағдай жасайды.

Қала басшысының тапсырмасымен базарлар қайта жанданып, жаңарып жатқанымен, «Көк базар» сынды шаһарымыздың белгісіне айналған сауда орындарының тарихи келбеті сақталады. Бұл базардың павильондарын жаңғырту 2023 жылдың шілдесінде басталды. Оны 2025 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланған. Құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуге ҚазКСҒЗИ зерттеу қорытындысы алынды. Қайта құру кезінде базар штаттық режимде жұмыс істеп тұрады. Өткен жылдың желтоқсан айында Медеу ауданын аралау барысында Ерболат Асқарбекұлы «Көк базардағы» құрылыс-монтаж жұмыстарымен танысқан болатын.

«Көк базар» – қаладағы ерекше орын. Мұнда тұрғындар мен қала қонақтары сауда жасауға келіп қана қоймай, оның ерекше атмосферасын сезінеді. Оны бұзбай сақтап, төбесі жабылған базар жасаған жөн. Бастысы, ретке келтіру, бірақ «Көк базардың» қаланың мәдени мениігі және туристік орны болып қала беруі маңызды. Себебі, Алматы «Көк базарсыз» – Алматы емес, сондықтан қаламыздың тарихи орталығын сақтауды сұраймын», – деді Алматы қаласының әкімі.

ТҮЙІН: Онлайн сауданың дамуы – қалыпты құбылыс. Әр заманда өзіндік салт-дәстүр болады. Қашықтан жасалатын сауда да ХХІ ғасыр мен болашақ дәуірдің ерекшелігіне айналмақ. Дегенмен, адам адам болғалы бері келе жатқан базардағы сауда да келешекте өз орнын жоғалтпайды деп сенеміз. Әсіресе, қаламыздағы базарларды жаңғырту жұмысы өзінің жемісін беріп, жайлы да жарық сауда орындарында бағаны саудаға салатын адамдардың қарасы көбейеді, халықтың әл-ауқаты артады деп үміттенеміз.



АЛМАТЫ ТУРИЗМНЕН КӨШ БАСТАП ТҰР

Елімізде жалпы саны 6 245 719 турист саяхат жасаса,
оның 1 514 039-ы мегаполиске келген

Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, 2023 жылдың 9 айында туристердің жалпы саны 1,5 млн адамнан асқан (өсім 17,5%). Оның ішінде шетелдік туристер саны 51,5%-ға артып, 410 мыңға жеткен.



Күралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қазақстанға жалпы саны 6 245 719 турист саяхат жасаса, оның 1 514 039-ы Алматыға келген. Ал ішкі туризм бойынша ел аралаған 5 410 766 адамның 1 104 645-і мегаполисте болған. Бұл көрсеткіш Алматының Қазақстан қалалары арасында шетелдік туристерді қабылдайтын көшбасшы екенін көрсетіп отыр. Өйткені, елімізге келген әрбір екінші шетелдік саяхатшы Алматыны көруге асығады екен. Алматы қаласы Туризм басқармасының басшысы Ғалия Токсейітова Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте сөйлеген сөзінде жыл сайын шетелдік туристердің Қазақстанға, оның ішінде Алматыға көбірек қызығушылық танытатынына ерекше тоқталып, туризм саласындағы негізгі көрсеткіштердің айтарлықтай өсуіне қол жеткізгенін айтқан болатын. Атап айтқанда, салық түсімдері 64%-ға ұлғайып, 50,2 млрд теңгені құраса, жұмыспен қамтылғандар саны 11%, яғни 78 551 адамға артқан. Инвестициялар 47,7% немесе 106,4 млрд теңгеге өскен.

Алматыға келген шетелдік туристер негізінен гидтер мен туроператорлардың қызметтерін пайдаланады. Мегаполисте олар Медеу, Шымбұлақ, Көк-Төбе, Кафедралық собор, Орталық мемлекеттік мұражай, Орталық мешіт, 28 гвардияшы-панфиловшылар атындағы саябақ, Көк базар, Арбат, Орталық демалыс және мәдениет саябағы, Тұңғыш Президент саябағы, Ботаникалық бақ, Баум тоғайы, Хайуанаттар бағы секілді жерлерді көргісі келеді.

Расында да, Алматы өзгелерді таңқалдыратын, сұлулығымен өзіне тартатын, көрсө көз тойтындай-ақ қала. Тұмса табиғатымен ерекшеленген шаһарға келген әрбір саяхатшыға ұмытылмас әсер қалдыру үшін Алматыда әр сала бойынша айтарлықтай жұмыстар атқарылып жатыр. Енді соларға тоқталайық.

ҚОНАҚҮЙ ИНДУСТРИЯСЫ

2023 жылы туристердің ең көбі Ресей Федерациясынан келді – 34% (138 961 адам). Екінші орында ҚХР – 11,6% (47 619). Үндістаннан келген туристер саны – 7% (28 983), Түркиядан – 6,2% (25 486), АҚШ-тан – 3,7% (15 084).

Бүгінде Алматының қонақүйлердегі орындар қоры – 11 454-ті құрайды. Бұл бағытта өткен жылы жеке инвестициялар есебінен 161 орынды 4 нысан ашылған. Қазіргі таңда қалада 208,4 млрд теңгеге 3287 нөмірлі 23 қонақүй құрылысы жүргізілуде:

- 1297 нөмірге арналған (71,1 млрд теңге) 7 нысанның құрылысы жүргізілуде;
- 1990 нөмірге арналған 16 нысан (137,3 млрд теңге) жобалау жұмыстары сатысында тұр.

Биыл 7 қонақүйдің құрылысын аяқтау жоспарлануда (45,1 млрд теңгеге 1067 нөмір), қалған жобалар 2027 жылға дейін жалғаспақ.

Алматы қаласы Туризм басқармасының басшысы Ғалия Токсейітованың айтуынша, бұл қаланың қонақүйлердегі орындар қорын ұлғайтуға, сондай-ақ туристердің мегаполисте жүру жайлылығын арттыруға мүмкіндік береді.

ӘУЕ ҚАТЫНАСЫ

Шетелдік туристер ағынының деңгейіне әсер ететін факторлардың бірі – қолданыстағы әуе қатынасының саны. Бүгінгі таңда мегаполис әлемнің 82 елімен 42 тікелей бағыт пен визасыз режиммен байла-



Коллаж жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

нысты. Наурыз айында Алматы мен Куала-Лумпур (Малайзия) арасында тікелей әуе қатынасын ашу жоспарлануда.

ӘУЕЖАЙ ӘЛЕУЕТІ АРТАДЫ

Алматы Орталық Азияның қаржылай, экономикалық, мәдени және жастар орталығына айналып отыр. Сыртқы туризмді дамытудың негізгі факторларының бірі осы жылдың маусым айында Алматы қаласы халықаралық әуежайының жаңа терминалының құрылысын аяқтау болмақ. Әуежайымыздың жылына 14 миллион жолаушыны қабылдай алатын күн де алыс емес. Болжамға сәйкес, биыл шетелдік туристер саны 520 мың адамға жетеді.

Мамандардың айтуынша, 2023 жылы Алматы әуежайы 9,5 млн жолаушыға қызмет көрсеткен. Биыл жолаушылар легі 10,5 млн адамнан асады деп күтілуде.

ҚАЛА КЕЛБЕТІНДЕ КЕМШІЛІК БОЛМАУЫ КЕРЕК

2023 жылы Туризм басқармасы туристік инфрақұрылымды абаттандыру бойынша жұмыс жүргізді:

- «Ақбұлақ», «УАӨ» және «Мыңжылқыда» 3 кемпинг-аймағы орнатылды, онда шатырлы орындар, жайлы жәппалар (беседка), орындықтары бар үстелдер, әткеншектер (алтыбақан) қарастырылған; ұзындығы 150 км болатын 12 тау бағыты абаттандырылды, онда ақпараттық стендтер, нұсқау белгілері, демалуға арналған платформалар, көпірлер мен жәппалар (беседка) орнатылды.
- Алматы халықаралық әуежайының паспорттық бақылау аймағындағы кабинеттерді жабдықтау жұмыстары аяқтады. Енді туристерді әлемнің тоғыз танымал тілінде (қазақ, орыс, ағылшын, араб, қытай, француз, итальян, түрік және корей тілдерінде) қарсы алатын болады.
- Алматы қаласының әуежайында таксистердің заңсыз іс-әрекеттерінің жүйеліне байланысты Халықаралық әуежай терминалдарында такси тарифтері көрсетілген ақпараттық стендтер ілінді. Сондай-ақ, кедендік бақылау аймағында шетелдік азаматтардың паспорттарына ақпараттық қосымша парақтар тарату көзделген.
- Таксиге тапсырыс беру қызметтерін ұсынатын таксилердің құнына талдау жүргізілді және сапардың орташа бағасы есептелді. Жолаушылар тасымалы тарифтері олардың баратын орындары мен такси класына байланысты 1200-ден 12000 теңгеге дейін өзгереді. Әйтсе де, бұл баға тұрақты емес. Себебі, жолаушылар үшін ұсынылатын баға, яғни такси қызметтерінің құны ауа райын, сұранысты және басқа деректерді ескере отырып өзгеруі мүмкін. Дейтұрғанмен, ұсынылған бағаларды ескере отырып, жолаушылар баға саясатына қарай болжам жасай берсе болады.
- Қала қиылыстарында 54 ақпараттық тотем жаңартылды. Қала картасынан басқа, олар қазір танымал туристік орындарға апаратын бағыттарды ұсынып отыр.

ТУРИСТІК АҚПАРАТТЫҚ НҮКТЕ

Шетелдік туристердің қаламызға келу жайлылығын қамтамасыз ету мақсатында мегаполис аумағында Visit Almaty 8 туристік ақпараттық нүктесі (Алматы халықаралық әуежайында, Панфилов, Абай-Достық, Медеу, Зенков көшелерінде, Президент саябағы, Атакент, Көк-Төбе) жұмыс істейді. 2023 жылдың қорытындысы бойынша осы орталықтарда 21 мыңнан астам турист анықтамалық ақпарат алды.

Сонымен қатар, ақпарат беру орындарында 8 мыңға жуық полиграфиялық өнім (атластар, брошюралар, карталар және т.б.) таратылды. Барлық келушілерге Алматыда және оның айналасында бос уақытты тиімді өткізу туралы пайдалы ақпарат, баруға болатын орындар, мейрамханалар, көрікті жерлер, тарихи нысандар және

мегаполис туралы басқа да мәліметтер ұсынылды.

АУДИО-БЕЙНЕ ТУР ҚОЛЖЕТІМДІ

Өткен жылы виртуалды 3D турлары басталды. Енді visitalmaty.kz сайтында әлемнің кез келген жерін тамашалауға арналған тегін аудио-бейне турлар бар.

Туроператорлардың сауалдарына сәйкес, Алматының туристік әлеуетін арттыру үшін жақын және алыс шет елдерде (Дубай, Абу-Даби, Шарджа, Эр-Рияд, Джидда, Даммам, Доха, Маскат, Дели, Мумбай, Ташкент және Хошимин) 12 Road-show өткізілді. Сондай-ақ, Сингапур, Париж, Лондон, Барселона, Пекин және Катардағы 6 ірі және маңызды халықаралық туристік көрмелерге қатысты.

Қорытындысы бойынша Алматы қаласының туроператорлары 2023 жылдың соңына дейін мегаполиске 85 000-нан астам шетелдік туристерді жіберуге шетелдік компаниялармен 500-ге жуық шарт жасасты. Аталған іс-шаралар шетелдік туристер ағынын тікелей арттыруға мүмкіндік береді деп күтілуде.

Алматының туристік бағыты ретінде маркетинг бағытындағы кешенді жұмыстың арқасында қала туристерді де, әлемдік жұртшылықтың да назарын аударады.

Басқарма басшысы биыл туристердің сандық ағынынан сапаға көшу басталатынын, яғни маркетингтік стратегия Алматыға біздің қаламен тікелей әуе қатынасы бар елдерден, мәселен, Таяу Шығыстан (БАӘ, Сауд Арабиясы, Катар), Еуропадан (Италия, Германия, Ұлыбритания), Азиядан (Сингапур, Малайзия, Оңтүстік Корея) төлем қабілеті жоғары туристерді тартуға бағытталғанын айтып отыр. «Қаланы халықаралық нарықта туристік дестинация ретінде маркетингтік ілгерілету бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс Алматыға туристердің келу сұранысының артуына ықпал етті» дейді ол.

Айта кетейік, Алматы қаласының Туризм басқармасы 2024 жылы туристік саланы одан әрі дамыту және нығайту бойынша жүйелі жұмысты жалғастыруға ниетті. Алайда, сөз соңында айтарымыз, қала тұрғындары мен қонақтары ел игілігі үшін жасалып жатқан инфрақұрылым нысандарына ұқыпты қарап, вандализм фактілеріне жол бермеуге күш салса нұр үстіне нұр.



МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Елімізде жасөспірім қыздардың жүктілігі де алаңдатарлық мәселеге айналғаны жасырын емес. Қазақстанда жас қыздардың арасында өзі де әлі бала бола тұрып, бала сүю көрсеткіші 51%-ға көбейген. Бұл туралы ranking.kz сайты жазды. Ал біздегі жасөспірім қыздар арасындағы жасанды түсік көрсеткіші Еуропамен салыстырғанда, үш-төрт есе артық деседі. Сарапшылар бұл келеңсіздіктің алдын алу үшін балаларға жыныстық тәрбиені 12 жастан бастап жүргізу керек деп есептейді.



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

ҰЛЫҢ ҰЯЛТПАСЫН, ҚЫЗЫҢ ҚЫЗАРТПАСЫН

немесе жасөспірім жүктілігі туралы бірер сөз



Нұржамал
ӘЛШЕВА

ҚАТЕЛЕСПЕ, ҚАРАҚӨЗ!

Жер бетіндегі әрбір бес адамның біреуі жасөспірім екен. Ал өмірге келетін 15 млн.-дай нәрестенің аналары 19 жасқа дейінгі жастар.

Дәрігерлердің айтуынша, жасынан ерте жүкті болған қыздардың бірінші кезекте денсаулығына қауіп төнуі мүмкін. Ерте жүктіліктің салдарынан жасөспірімдердің 70%-ы жасанды түсік жасатып, 15%-ы түсік тастайды. Ал жасанды түсік жасатқан кей қыздардың болашақта мүлдем бала сүйе алмай қалуы да ықтимал. Аяғы ауыр болып қалған жасөспірімдердің тек 15%-ы ғана сәбилерін аман-есен босана алады екен.

Екінші бір қиындық – өзін қоршаған ортаның табалауынан, отбасы мүшелерінің қарынан қорқып, күйзеліске түседі. Сөйтіп, өзін жоғалтып алуға да ғажап емес. Білім алу мүмкіндігінен де айырылып, ортасынан, қоғамнан алшақтайды. Мұндай кезде өзі үшін барлық қақпа жабылғандай қиналуы мүмкін. Сырт көзден ішін жасырып (көбісі белдікпен тартып тастайды) ұстағандықтан, шарана толық жетілмей, әлжуаз, кемтар болып тууы мүмкін.

Өткенде бір жас қыз көпқабатты үйден секіріп кетіп, оқиға орнында мерт болды. Марқұм қыз жүкті болып шықты. Қайғылы оқиғаға не ітермелегені әзірге белгісіз...

Біз қозғап отырған проблеманың тағы бір көлеңкелі тұсы бар. Ол – ерте жастан жүкті болу салдарынан туатын дімкәс ұрпақ жайы. 20-ға дейінгі жаста жүкті болғандардың баланы өлі туу қаупі басқаларға қарағанда 50%-ға жоғары көрінеді. Дәрігерлер ерте жүкті болып қалатын жасөспірім қыздардың жыныстық қарым-қатынас жайлы білімдері өте таяз, сақтану туралы мүлде білмейтінін де айтып жүр.

ӨМІРДІҢ ӨЗІ

Самат Айкүнді бала күнінен қатты ұнатты. Балғын сезімнің нығаюына бәлкім үлкендердің де сөзі себепші болған шығар. Себебі, тонның ішкі бауындай араласып кеткен екі жақтың ата-аналары «сенде ұл, бізде қыз бар» деген көңілмен бір-бірін сол кезден-ақ құда-құдағи деп атайтын. Он екідегі Самат өзінен екі жас кіші Айкүнге мерекелерде блокнот, қалам, «ашық хат» сыйлап жүретін. Екеуінің жұбы жазылмай мектептен бірге қайтатын. Әйтеуір қай кезде де қамқоршы ағасындай болып жүретін. Айкүн бота көзі мөлдіреген қараторының әдемісі еді. Оған көңіл кеткен сыныптастары да аз емес-тін.

Уақыт өтіп жатыр. Жүрегіне махаббат сезімі ұялаған Самат сол қара қыздың алдында тым дәрменсіз еді. Өзге қыздарға қырғидай тиіп жүретін «жындылығы» бола тұра, Айкүнді көрсе болды, басылып қалатын. Тіпті, достары «қыздың әлі ернінен де сүйе

алмай жүрсін» деп келеке қылатын. Бірде кешкілік достарымен барып тұрған бұған Айкүн шықпай қойды. Кейінгі кездері осы көрініс жиі қайталанып кетті. Ол бой түзеп келе жатқан көркем қыздың бозбалаға деген назы болатын. Ал достарының алдында ұятқа қалдыра береді деп намысқа булыққан Самат ертеңіне, көрші ауылда болған бастаңғыда Ажармен танысты. Жымыған кезде оң жақ бетіне әлдебір сикқыр бар шұңқыр пайда бола қалатын нәп-нәзік қыз тоғызыншы сыныптан кейін шығып кеткен екен мектептен. Он алтыда. Олар сол түнді бірге өткізді. Одан соң бір-бірін көрген емес.

Бір күні Саматтың үйіне екі әйел келді. Ажардың туған әпке, жеңгесі көрінеді. Қыздың аяғы ауыр деді олар бірден. Қалаға кеткен Саматты анасы дереу шақыртты.

– Мен бұл қызға үйленбеймін. Бірақ кейін балаға көмектесіп тұратын боламын, – деді 18 жасар жігіт. Ал шешесі: «Бала сенікі екені рас болса, үйленесің!», – деп бір-ақ кесті. Жас қыздың көз жасынан қорыққан шығар. Оның үстіне, Ажардың абыройын арқалап келіп отырған әпке, жеңгесінің арыны да тым қатты еді.

Самат пен Ажардың үйлену тойы өткен кештен бастап екеуі екі бөлмеде ұйықтап жүрді. Мұны байқаған әке-шеше екі жақтап жүріп ерлі-зайыптылық өмірдің қыр-сырын түсіндіруге тырысты. «Екеуінің арасында шынайы сүйіспеншілік, сезім болмады ғой, жүре келе қалыптасар, мүмкін жұбайлық төсек жақындастырар», – деп жұбатты үлкендер өздерін.

Екі жастың да мінезі тарс-тұрс еткен тік болды. Аяқастынан шаң-шұң айқай шыға қалу бұл отбасы үшін таң емес. Алты айдан кейін күнәсіз шарана өмірге келді. Бұл кезде Самат пен Ажар күнде бір үйден кіріп-шығып жүрген соң болар, бір-біріне бой үйретіп те қалған еді. Екеуінде де «баламыз бар-ау біздің» деген ой жоқ, қаннен-қаперсіз кешкілік қыдырып кететінді шығарды. Әке-шеше бұған да шүкіршілік деді. «Үйден қол ұстасып шығып, қол ұстасып бірге кіріп келе жатқанының өзі бақыт қой бізге», – деді іштей тәубесін айтып. Екеуі құдды бір отбасын құрмаған, енді кездесіп жүрген қыз бен жігіт сияқты күндер кешті. Жас келіннің үй тірлігіне араласатын ойы да жоқ. Түске дейін ұйықтайды. Оны айтасыз, аяғын адымдай басып атасының үстінен баса-көктей өтіп кетіп төрге отырып алатын. Енесі сырқаттанып қалғанда, үйде келін бала бола тұра, атасының ас әзірлеген күндері де болған. Кешкілік жұмыстан оралған қыздары, әсіресе үлкендері:

– Неменеге төбелеріңізге шығарып қойдыңыздар?! Бәріміз жүріп әкеміздің тамақ істегені қалып еді енді! – деп бұлқан-талқан болады. Ондайда шеше бәрінің тігісін жатқызып әлек:

– Қайтесіңдер, ол жоқта да бір тамағымызды істеп ішер едік ғой. Түске дейін ұйықтайтынында нелерің бар, әлі бала екенін көріп отырған жоқсыңдар ма. Әлі-ақ бәрің түсінетін, ұялатын уақыт келеді, – деп басу

айтқанды. Екі қайын әпкесі тарс-тұрс мінез көрсете бастағанда:

– Кетемін, сенімен тұрмаймын, – дейтін Ажар Саматқа.

– Мен де сені ұстап тұрғаным жоқ, – деп қызбалыққа салынатын ондайда Самат. Ажардың баланы тастап төркініне кетіп қалған кездері де болған.

Бүгінде соның бәрі көрген түстей. Қазір сол Самат пен Ажардың үш баласы бар. Қызық-шыжықтары өздерінде. Ата-енеден бөлек тұрып жатыр. Дегенмен, 26-дағы Ажар келін:

– Бүгінгідей тату күндерге Самат екеуіміздің қол ұстасып жетуімізге маманның (енесін айтады) сіңірген еңбегі үлкен! – деп отыр.

ҚҰШТАРЛЫҚ пен ҚҰМАРЛЫҚ

Махаббат отына күйген жасөспірімдердің есіл-дерті бойын кернеген құмарлықта, жүрегін толтырған ғашықтықта болады дейді ғалымдар. Демек, олар сол құштарлығын адамгершілік сипаттармен байытып, дамытып үлгерген жоқ әлі. Сондықтан жүрегіне махаббат сезімі ұя салған жастың қателесуі оп-оңай. Мұндай кезде жанашыр үлкендердің ақыл-кеңесі ауадай қажет. «Ғашық жан сүйгенінің бүгінгі қасиетін ғана көретін болса, жасы үлкендер оның ертеңгі күнін де көре алады», – дейді психологтар.

Жасөспірімдер, әрине, «бала жасап қоямыз-ау» деп ойлап жатпайды. Бірі ержеткенін, екіншісі бойжеткенін дәлелдегісі келгендей осындай қадамға барады. Біздің ұлтымызда ашық айтыла бермейтін жыныстық қатынас, тәрбие-тағылым мәселелерін мектептерде, медициналық орталықтарда арнайы әңгіме арқауына жиі айналдырып тұрған дұрыс шығар, бәлкім. Ең дұрысы – құмарлықты ауыздықтай білуге, отбасы болу жауапкершілігінің салмағы қандай болатынын осы бастан күя беру керек. Өмірдің көлеңкелі тұстарын үлкендерше салмақтай алуға психологиялық жағынан әлі дайын емес тым жас отбасыларына Саматтың әкешесіндей түсіністікпен қарап, оларды тәрбиелейтін үлкендер бәріне бірдей табыла бере ме? Жоқ. Сондықтан барлық жағынан сауатты болу жүгі – мына біздің, үлкендердің мойнында.

● ТҮЙІН:

Осылай мораль оқи берсек, түзеліп кетіп жатсақ жақсы ғой. Бүгінгі жаһандану жөлі осылай соғып тұрғасын, не істейміз енді, қорғану жолдарын үйретпеске шараңыз да қалмайды.

Айтпақшы, ҚР Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының мәліметіне сүйенсек, елімізде «4Д» ережесі (қолжетімділік, еріктілік, тілектестік және сенім) бойынша жұмыс істейтін 118 мамандандырылған орталық бар. Оның 70-ке жуығы ауылдарда жұмыс істейді. Сол орталықтарға қиын жағдайға тап болған жасөспірімдер, жастар хабарласа алады.

Дегенмен, аяғыңды шалыс баспағын, қалқам! «Ұлды тәрбиелеген – әскерді тәрбиелейді, қызды тәрбиелеген – ұлтты тәрбиелейді» десек, ұлт ұяты сенің мойнында!

«СЕНСІЗ ӨМІР ЖОҚ»

Айдар мектеп бітіре сала, сол қызға үйлендірмесендер «өлемінге» басты. Сол кезде-ақ 19-дағы Раушан аяғым ауыр деп үйіне кіріп алған болатын. Әрине, анасы: «Өзіңнен екі жас үлкен қызға үйленбейсің. Білім ал, үлкен өмірге аралас, басың жас. Кезінде мен ала алмаған білімді сен алшы, балам! Ерте тұрмыс құрған мен қандай бақыт таптым?!», – деген. Тыңдады ма! Жалғыз ұлдың «өлемінен» есі шыға қорыққан шеше бір кеште жақын маңдағы ағайын-туыс, дос-жаранды телефонмен шақырып, кішігірім той жасап берген болды.

Қысы-жазы үй бетін көрмей, далада көкөніс, жеміс-жидек сататын ана жалғыз-ның келіншегін үлде мен бүлдеге орады. Киемін дегенінің бәрін соның иығына жапты. Бірақ сөзі көп келіннің қарасы үнемі көршілердің есігінің алдынан табылатын. Өңгімеге үйірсек болды. Қалаға жиі кетіп қалатынды шығарды. Одан кейін теріс жүрісімен аты шыға бастады. Баяғы «сенсіз өмір жоқ» деген екі жастың енді итше ырылдасқан күндері басталды. Айдар ішетін өнер шығарды. Ақыры екеуі екі баламен ажырасып кетті.

Раушан екінші рет тұрмыс құрып еді, тағы да дәм-тұзы жараспапты. Айдар да екінші мәрте шаңырақ көтеріп еді, оның да түгіні тұзу шықпады. Жұбайлық өмірге еш дайындығы болмай жұп құрған екі жастың тағдыры осылай болды.

Неге? Бірінші оқиғадағы Самат пен Ажар құрған шаңырақ та шайқатыла жаздамады ма? Әрине, бұл жердегі негізгі себеп жасөспірімдеріміздің өмірдің ең үлкен ауыр жүгін арқалауға дайын еместігінде жатыр. Отбасы – бір түнеп кететін қонақүй емес, ол – алдағы бүкіл өмірің.

ЕРКІНДІКТІҢ ШЕКАРАСЫ

Жасөспірімдердің жүктілігін зерттеумен айналысатын ғалымдар бала көтеріп қоятын жас қыздардың ата-анасы ажырасқан немесе әке-шешесі басқа елде, өзге өңірлерде қызмет істейтін немесе ауқатты отбасыларда да жиі кездесетінін айтады. Өйткені, көптеген отбасында баланы еркін ұстайды. Ал еркіндіктің шекарасы да болатынын құлағына құйып отыруға құлықсызбыз. Ғаламтор, әлеуметтік желі деген тағы бар. Бір-бірімен сол интернет арқылы бүгін танысып, ертең «табыса» салатын жағдайлар да жоқ емес. Үнемі жұмысбасты әке-шеше мектеп жасындағы баласының не істеп, не қойып жүргенін бақылауға уақыты жоқ. Кейбір баланың «тәрбиені» қолындағы ұялы телефоннан алып жүргені де анық. Қалада түнгі клубтардың да есігі айқара ашық.

Осындайда баяғы «Қызға қырық үйден тыйым» деген баба нақылының кейде қауқарсыз екеніне налысың. Кейбір беташар тойларда үлбіреген қалыңдықтың іші ақ көйлегінің сыртынан-ақ білініп, бұлтиып тұрады. Иә, ердің алдынан кесіп өтпеген, шолшысының сылдырың да естіртпеуге тырысқан, сөзі – сынық, ісі – түзік кешегі қазақ қыздарының бүгінгі сінділері сананы сендей соққан бүгінгі ақпараттану заманында ар тазалығына жеңіл қарайтын жағдайға жетті. Ақ босағаны адал аттау деген құндылықтың қадірі кетіп бара жатқан жоқ па осы?..

Шыны керек, қыз баланың жүкті болып қалғанын «етегін жауып ұстай алмаған өзі кінәлі» деп бір өзін күресінге лақтырып тастап, ғайбаттауға құмармыз кей-кейде. «Ет бұзылса тұз себеміз. Ал қыз бұзылса не себеміз?» деп өзүрейтіміз де бар. Ал оған «сүйем, күйем» деп, әдемі де жылтыр сөздерін аямай, ізінен қалмай жүріп, тіттеген мақсатына жетіп, «құшып» алғасын, безіп ала жөнелетін жігіттердің жауапкершілігі туралы неге айтпаймыз?! Бұл жігіттердің әлсіздігі ме, әлде ұсақталуы ма?..

Қалай десек те, бәрі отбасындағы тәрбиеге тіреліп тұр. «Қызым, сен бізді қызартпа! Ұлым, сен бізді ұялтпа!» деген сөздер әр отбасының ұраны болуға тиіс-ақ. Әйтпесе, саябақтарда көптің көзінше бір-біріне мінгесіп отыратын кейбір жастарға да көз үйреніп кетпесіне кім кепіл?



МАМАН КЕҢЕСІ

ДӘРІГЕР ҚАЛТ
АЙТПАЙДЫАритмиядан құтылу
жолдары туралы
біле жүріңіз

Алматылық дәрігер аритмиядан қалай құтылуға болатынын айтып берді. Аритмия – жүрек дұрыс емес не дұрыс емес жиілікте соғатын жағдай. Жүрек ырғағы жүрек себептеріне байланысты немесе сыртқы факторлардың әсерінен бұзылуы мүмкін.

Алматы қалалық Кардиологиялық орталығының аритмологы Жалолхон Тұрсынхановтың айтуынша, барлық ишемиялық инсульттің шамамен 20%-ы аритмия салдарынан болады. Бұл аурудың ең ауыр асқынуы – кенеттен жүрек өлімінің қаупі, бұл оның кездейсоқ тоқтап қалуына байланысты болуы мүмкін.

Аритмияның алдын алу және жүректі сақтау үшін іс-шаралар қабылдау маңызды. Дәрігер сондай-ақ, аритмияны болдырмаудың бірнеше әдісін атап өтті.

Бірінші: дұрыс тамақтану, диетаға жеміс, көкөніс, пайдалы май мен ақуызды көбірек қосу. Тұзды және өңделген тағамды тұтынуды шектеу. Алкоголь мен никотинді тұтынудан аулақ болу, себебі олар жүрекке теріс әсер етіп, аритмияны тудыруы мүмкін.

Екінші: семіздіктен аулақ болу және салауатты салмақты сақтау. Артық салмақ жүрек-қан тамырлары ауруларының, соның ішінде аритмияның даму қаупін арттыруы мүмкін. Тұрақты жаттығу мен дұрыс тамақтану сізге салауатты салмаққа жетуге және оны сақтауға көмектеседі.

Үшінші: стресті басқара білу керек. Күйзеліс аритмияның себептерінің бірі болуы мүмкін. Стресті басқарудың медитация, йога, терең тыныс алу немесе релаксация сияқты түрлі әдісін қолданып көру. Сондай-ақ, жеткілікті тынығу және уақытылы ұйықтау маңызды.

Төртінші: денсаулығыңызды үнемі тексеріп отыру қажет. Тұрақты медициналық тексеру аритмияға әкелуі мүмкін жүрек-қан тамырлары мәселелерін анықтауға және бақылауға көмектеседі.

Бесінші: стимуляторлардан аулақ болған абзал. Кофеин, никотин және алкоголь жүрек аритмиясын тудыруы мүмкін. Оларды тұтынуды шектеуге немесе олардан мүлдем аулақ болуға тырысу.

Алтыншы: дәрі-дәрмекті нұсқаулығына сәйкес қабылдау. Егер сізге аритмия диагнозы қойылған болса, дәрігер тағайындаған дәрілерді қабылдау және оның ұсынысын орындау. Дәрігердің кеңесінсіз дәрі ішпеген жөн.

Жетінші: шамадан тыс физикалық белсенділіктен аулақ болған дұрыс. Егер сіз дененің шамадан тыс түскен күш аритмияны тудыратынын байқасаңыз, жаттығудың деңгейі мен қарқындылығы туралы ұсыныс алу үшін дәрігерге қаралыңыз.

«Әр адам әртүрлі екенін ұмытпаңыз, бір адамға көмектесетін нәрсе екіншісіне көмектеспейі мүмкін. Егер сізде аритмияға немесе басқа жүрек-қан тамырлары ауруына бейімділік болса, аритмияның алдын алу және жүрек денсаулығын сақтау бойынша жеке ұсыныстар алу үшін дәрігерге қаралыңыз», – деді Жалолхон Тұрсынханов.

БІРЕГЕЙ ОТА

ЕМШІГЕ ЕМЕС, ДӘРІГЕРГЕ БАРЫҢЫЗ

Мегаполистің нейрохирургтары екі
зейнеткердің сал ауруын емдеп шықты

Алматылық нейрохирургтар екі зейнеткерді қос аяғы да мүлдем сал болып қалу қаупінен құтқарды. Екі тұрғын да Орталық қалалық клиникалық ауруханасына бірдей диагнозбен – «жұлын каналындағы жүйке тінінің ісігімен» түскен болатын. Аяқтарын басудан қалған.

Екі науқаста да жамбас мүшелерінің функциясының ауыр бұзылысы байқалған, ал бұл өз кезегінде зәр мен нәжісті ұстай алмайтын жағдайға әкеледі.

Науқастардың айтуынша, олар жас келгеніне және басқа да қосымша ауруларына байланысты операция жасатуға қорқып, жақындарының кеңесімен емшілерді жағалаған. Бірақ жағдай түзелудің орнына нашарлап, дәрігерлерден көмек сұрауға мәжбүр болған.

«Отаның қиындығы жүйке тіні ісіктерінің жұлынның сыртында емес, ішінде орналасуында болды. Сондықтан жұлынның өзін зақымдап алу қаупі өте жоғары болды. Құдайға шүкір, әрқайсысы шамамен 3,5 сағатқа созылған екі ота да сәтті өтті. Бұл оталарды жасау барысында біз өз қозғалысымызды да бақылауда ұстау және жұлынның сау бөліктерін зақымдап алмау үшін нейромониторлар мен нейронавигация-

лық жүйені қолдандық», – дейді ОҚКА нейрохирургия бөлімінің меңгерушісі Марат Алматов.

Отадан кейінгі кезеңде науқастар стационарда оңалтудан өтті. Нәтижесінде 12 күн ішінде-ақ олардың неврологиялық жағдайы қалпына келіп, аяқтың неврологиялық бұзылысының регрессиясы 80%-ға дейін байқалды.

Естеріңізге сала кетейік, Орталық қалалық клиникалық ауруханада оңалту бөлімшесі бар. Онда жоғары технологиялық жабдықта инновациялық аппараттық әдістер қолданылады. Мегаполис ауруханасындағы бұл керемет жетістік және заманауи медицина адамдарға ең қиын жағдайда да көмектесетінінің жарқын мысалы.

Алматылық нейрохирургтардың күш-жігері мен оңалтудың прогрессивті әдістерінің арқасында екі әжей де енді бұрынғыдай жүріп, тұра алатын болады.



КҮН ТӘРТІБІНДЕ

КӨЗІ ҚЫРАҒЫ, ҚОЛЫ ШИПАЛЫ БОЛСА ИГІ

Сирек кездесетін орфандық кеселдерді емдеу,
диагностикалау – басты назарда

Ресми дерек көздеріне сүйенсек, әлемде 300 миллионнан астам адам сирек кездесетін аурулармен өмір сүріп жатыр. 6000-нан астам сирек кездесетін кеселдер бойынша әлі де зерттеулер жүргізілуде. Дүниежүзілік медициналық қауымдастық сондай ауыр дерті бар науқастардың дұрыс диагностикаға, ем-домға, күтімге және әлеуметтік мүмкіндіктерге әділ қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін жұмыс істеп жатыр. Олардың қатарында біздің отандық дәрігерлер де бар.

Таяуда Алматыда «Неврологиядағы сирек кездесетін аурулар» тақырыбында білім беру семинары өтті. Семинардың жоғары деңгейде өтуіне Алматы қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы мен «Балалар неврологтары қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің қолдауымен, Қазақстан-Ресей медициналық университетінің неврология кафедрасы және №2 қалалық балалар клиникалық ауруханасының мамандары мұрындық болды.

Сирек кездесетін кеселдер туралы білімін жетілдіру семинарына неврология саласындағы жетекші мамандар, балалар мен ересектер неврологтары, педиатрлар, жалпы практика дәрігерлері, генетиктер, реабилитологтар қатысты. Сол аурулар туралы егжей-тегжейлі хабардар болған дәрігер-мамандар сондай дертке шалдыққан науқастар мен олардың отбасылары жанынан қай кезде де табылуға міндетті.

Аталған семинарда сөз алған «Балалар неврологтары қауымдастығы» ҚБ төрағасы, профессор Маржан Лепесованың айтуынша, сирек кездесетін аурулар медицинаның барлық саласында кездеседі және олардың 80%-дан астамы генетикалық сипатқа ие. Бұл кеселдерді емдеу елімізде өте қымбатқа түседі. Біздің мемлекет орфандық дерттерге шалдыққан пациенттерді қажетті терапиямен, дәрілік препараттармен тегін қамтамасыз ету міндетін мойнына алған. Мәселен, елімізде жұлын-бұлшықет артофиясы бар 240-қа жуық пациент және «Дюшен» бұлшықет дистрофиясы диагнозымен 400-ден астам бала есепте тұр.

Алматы семинарында орфандық аурулармен ауыратын науқастарды диагностикалау, маршруттау, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету мәселелері талқыланды. «Дюшен» бұлшықет дистрофиясы, жұлын-бұлшықет атрофиясы, 1-ші типті нейрофиброматоз, AADC тапшылығы бар балаларды емдеу және сүйемелдеу сынды тақырыптар қаралды. Бұл семинардың тағы бір көздегені – осындай ауыр дерттер туралы педиатрларды, жалпы практика дәрігерлерін, невропатологтарды, емхана-лық, стационарлық дәрігерлерді де жан-жақты хабардар ету. Сондай-ақ, сол кеселдерді диагностикалау мен емдеудің өзекті мәселелері бойынша баяндамалар тыңдалды.

Семинарда сөз алған №2 Алматы қалалық балалар клиникалық ауруханасының директоры, профессор Марат Рабандиаров та өз ойын ортаға салды.

«Бұл семинар сирек кездесетін ауруларға шалдыққан науқастарды диагностикалау мен емдеуде әріптестерімізге ең бірінші кезекте қандай бағыттарға басымдық беру керектігі туралы жан-жақты талқылануға жол салып отыр. Біздің клиникада 2018 жылдан бері «Орфандық аурулар кабинеті» жұмыс істейді. Бізде елдегі жүйке-бұлшықет аурулары бойынша мультидисциплинарлық құзыреттілік орталығының құрылымдық бірлігі болып табылатын ең ірі «Балалар неврология бөлімшесі» бар. Жұлын-бұлшықет атрофиясы бар балаларды емдеуде қолданылатын «Нусинерсен» препараты тек біздің ауруханаға енгізілген. Бұл семинар біздің алматылық әріптестерге де үлкен тәжірибе алаңы бола білді деп ойлаймын», – деді ол.

Семинар аясында «Алматы қаласында сирек кездесетін аурулармен ауыратын нау-

қастарға медициналық көмек» атты «дөңгелек үстел» ұйымдастырылды.

Айтпақшы, біздің қалада өткен осы семинардың соңын ала, күні кеше еліміздің Денсаулық сақтау министрлігінде «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының Басқарма төрағасы Болат Жәмішевпен және «University Medical Center» КҚ Басқарма басшысы Юрий Пямен орфандық аурулары бар балаларға медициналық көмекті жетілдіру мәселелері бойынша кездесу өтті. Онда сирек кездесетін кеселге шалдыққан балаларға медициналық көмек көрсетуді жақсартудың өзекті мәселелері тағы да бір талқыланды.

Министрлік кейінгі үш жылдың ішінде денсаулық сақтау саласындағы «Қазақстан халқына» қоғамдық қорымен белсенді ынтымақтастықта жұмыс істеп келеді. Мәселен, орфандық, онкологиялық, онкогематологиялық аурулары бар азаматтарды қымбат дәрілік заттармен қамтамасыз ету, онкологиялық қызметті, балалар нейрохирургиялық қызметін, трансплантаттауды, инфрақұрылымды және оңалту орталықтарын дамыту және т.б. бойынша 12 жоба мен бағдарламаны бірлесіп іске асырып жатқанының өзі ауыз толтырып айтарлық жетістік.

Кездесу соңында елімізде аса қымбат тұратын медициналық қызметтер мен жоғарыда сөз болған науқастарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік беретін орфандық орталық құру туралы шешім қабылданды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бақыткүл МЫРЗАЛИЕВА, Алматы қаласы Денсаулық сақтау басқармасы жанындағы нейробұлшықет аурулары жөніндегі үйлестіруші:

ЕМ-ДОМ НӘТИЖЕЛІ БОЛҒАЙ

«Дюшен» бұлшықет дистрофиясы, жұлын-бұлшықет атрофиясы, эпилепсияның кейбір түрлері, бірінші типті нейрофиброматоз және балалар неврологиясында кездесетін көптеген басқа да синдромдар – бұл медициналық-әлеуметтік маңызға ие өзекті тақырып. Бұл аурулар сирек кездесетіндіктен алғашқы медициналық көмек көрсететін дәрігерлері олармен күнделікті тәжірибеде өте сирек бетпе-бет келіп жатады. Бұл кеселдер көбіне прогрессивті дамиды, баланың көптеген органдарына кері әсер етіп, оның өмір сүру сапасын төмендетіп, мүгедектікке әкеліп соқтырады. Сондықтан бұл аурулар туралы алғашқы медициналық көмек көрсететін дәрігерлер де, емхана мамандары да жетік білгені абзал.

Біз үшін фармакологияның, химияның, технологияның заманауи жетістіктерінің арқасында осы аурулардың ағымын өзгерте алатын, оларды прогрессивті санаттан прогрессивті емес санатқа ауыстыратын дәрілердің болуы да маңызды. Бұл препараттар ауырсыну сезімін төмендетуі немесе симптомдардың дамуын бәсеңдетуі мүмкін. Сондықтан уақытылы ерте диагностика және дер кезіндегі көмек, яғни дәрі-дәрмек, физиотерапиялық ем-шаралар және басқа емдеу түрлері орфандық кеселдерге шалдыққан балалардың денсаулығы мен тұрақты жағдайын сақтауға көмектесетіні сөзсіз.

Бетгі әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.



АДАМДАР. ЖЫЛДАР. ТАҒДЫРЛАР

Әйткеш

Тұтқында болып, таңғажайып тағдыр кешіп, аты аңызға айналған қазақтың тұңғыш кәсіби музыкантының бірі де бірегейі Әйткеш Толғанбаевтың туғанына – 100 жыл.

«ЖЫР ҚҰЛАГЕРІ» ТҰСАУЫН КЕСКЕН

Тағдырдан аяу көрмеген осы бір кісі туралы сексенінші жылдардың басында естіп едім. Ол тоқырау кезеңінің тоңы әлі жібімеген, горбачевтік жасанды жариялылық әлі де басталмаған уақыт. Осынау өлшеулі ғұмырының ішінде мың өліп, мың тірілген, бейнелі сөзге салып айтсақ, қасіретті басындағы шашынан да көп көрген қазақ музыкантының әр басқан ізі тәуелсіздік таңы атса да андулы еді.

Бәрі де ойламаған жерден басталды. Бір күні Өзбекәлі Жәнібековпен жүздесудің сәті түсті. Ағамен әңгіме үстінде жазу үстелінде жатқан жұқалтаң кітапқа көзім түсті. Өзағанның шақыртуы да сыйып келгенде осы кітапқа байланысты болып шықты. Кітап орыс тілінде жарық көрген. Атауы – «Исповедь судьбы жестокой». Авторы Әйткеш Толғанбаев. «Қазақстан» баспасы. 1993 жыл. Таралымы – 5 мың дана. Содан Өзаға кітапты оқып шығуға беріп тұрып, ол кісіні тауып, газетке мақала жазу керектігін тәптіштеп тапсырды.

«Шіркіннің көрмегені жоқ екен, осындай таланттардың талайының түбіне жеттік қой».

Өзағанның көкірегі қарс айырылып айтқан осы сөзі маған аманаттай көрінді. Аты аңызға айналған кісі «Ақсай» ықшамауданында тұратын көршіміз екен. Алдымен аталмыш кітапты оқып шықтым. Әйткеш Толғанбаев қасиетті де қасіретті кітап жазыпты. Кітаптың әдеби нұсқасын жасаған топырағың торқа болғыр жазушы-драматург Игорь Михайлович Саввин Әйтекеңнің арманын асыра орындапты.

Музыканттың тағдыры адам баласының басында өте сирек кездесетін тағдыр. Жан-дүниесі нәзік өнер үшін халқының жүрегінен әсем сазбен тербеуге жаралған талант тағдыры осылай болуға тиісті ме еді!?

Сонымен, әлемді шарлаған скрипкашы Әйткеш Толғанбаев кім еді? Ол 1924 жылы Семей облысы, Шыңғыстау ауданының Қарауыл ауылында туды. Арғы бабасы Ырғызбайдан туған төрт ұлдың бірі – Мырзатай. Мырзатайдан – Жұман, Толғанбай. Толғанбайдан Әйткеш туады. Шешесі Бибісара аспандағы аққуға даусын қосқан ғажайып үнді әнші еді. Дауысы музыка тілімен айтқанда – меццо-сопрано. Бибісара салған қоңыр кештегі Абайдың әндері тым алысқа кететін. Осынау саздың сарыны құлағына жете ме, кейде Қарауылға таудан түсіп, Шәкәрім қажы келетін. Сөйтіп, ғажап өнер думанын Шәкәрім даналық дариясына айналдыратын. Әйткеш бұл сәтті ұмытсын ба? Нағашы ағасы Жұматай тамаша музыкант, ақын, балуан болатын.

Әйткеш Семейдегі театрға баруды ұнататын. Оны көбіне театрдың дәлізінде отыратын музыканттар қызықтыратын. Ғажайып музыкант Мирон Полякинның скрипкада орындау шеберлігін көкірегіне түйіп өсті. Балтақай ағасы 91 сомға скрипка сатып бергендегі мұның қуанышын айтып жеткізу қиын.

1936 жылы Семейде көркемөнерпаздар байқауы өтеді. Оның қазылар алқасында І.Жансүгіров, Л.Хамиди бар еді. Сол байқауда Әйткеш бірінші орын алады. Облыстық «Екпінді» (1.05.1936) газетінде І.Жансүгіровтің «Күйші» деген атпен үлкен сөз айтқан өлеңі мен мақаласы суретімен басылады. Сөйтіп, өнердегі тұсауын «жыр Құлагері» кеседі. «Әйткештен үлкен музыкант шығады. Оны тез арада Алматыға, Ахмет Жұбановқа жеткізу керек», – дейді Л.Хамиди ағасы Молдажанға. Әйткеш көп ұзамай Алматыға келіп музыка училищесіне түседі. Сол бір күндері ұстазы Лесманға атакты музыкант Скверский «бұл баланы жақсылап тәрбиелеу керек, түбі әлемге атымызды танытатын осы болады» дейді.

Айтса айтқандай, сол Әйткеш әлемді шарлап талайды таңдай қақтырды. Бірақ ол еркінен, бостандығынан айырылған, тағдыры тұтқындалып, сағат сайын ажал күткен музыкант еді.

ОТҚА ОРАНҒАН ОН СЕГІЗ

1942 жылы әскерге шақырылды. Кавказ майданында соғысып, көп ұзамай тұтқынға түседі де, тағдыр оны қайда апармайды десеңші. Гриша – Григорий Иванович, Ташкенбай атанып, Моздок, Фрайбургтің тұтқындар лагерінде азапты күндер басталды. Бұл кезде Әйткеш он сегізде еді. Оны лагерьдің коменданты шақырып алып, скрипка тартқызатын. Еврей музыкасын немістер жақтырма-са да, бұл Венявскийдің алапат әуендерін сүйсініп ойнайды. Есесіне, азабын да тартады. Есінен адасып, жер төтеледе жер жастанып жатқан күндері қанша? Дейтұрғанмен, неміс деген халықтың өнерді бағалауы да ғажап еді. Олар әлгі біздің совет киноларындағы аңқау, алаяқ неміс емес еді. Туған жерінде Чайковскийдің ескерткіші тағылықтың құрбаны болып жатқанда Фрайбург радиосынан Петр Ильичтің симфониялық шығармалары қалықтап жататын. Қанша қаныпезер десе де, неміс офицерлерінің скрипка алдында аласа бола қалатынына қайран қалатын Әйткеш осынау ұлы ел тудырған – Бах, Гайдн, Моцарт, Бетховен шығармаларын еш нотасыз асқан шеберлікпен ойнап, өз халқына сол табиғи қалпында қайтарып, «жабайы азиат», европалық мәдениеттен алыс деген ұғымдардың тас-талқанын шығарып жүрді. Ол осылайша Еуропа жұртының жадына қазақ сазын да сіңірді. Ол ойнаған кезде Фрайбургтегі неміс қызының «тәңірдей» табынып, солқылдап жылайтынын айтсайшы!?

Осылайша Еуропаны өнеріне тәнті еткен Әйткештің даңқы Берлиндегі Түркістан ұлттық комитетінің құлағына да жетеді. Оны Фрайбургтен осында алып келеді. Комитеттегілер Әйткешті Вар-



edunews.kz

шавадан он сегіз шақырым жердегі Түркістан легионына жібереді. Әйтсе де, Әйткеш оларға қызмет етуден бас тартады. Сол үшін оны келешекте өлім лагеріне жіберу мақсатымен түрмеге жабады. Бұл жөніндегі үміт взводын басқарушы Мұхамедқали Бактыгереевке хабар жетеді. Содан ол кісі Әйткешті құтқарып қалуды ойластырады және құтқарады да. Бұл кісі өмірінің соңғы жылдарында Алматыда тұрды.

АДАМ ДЕГЕН ИТЖАНДЫ

Бұл 1945 жылы күзде Италиядан Алматыға Еуропа кейпінде келді. Бірақ туған-туыстары, жора-жолдастары әлдеқашан өлдіге санаған бұған құшағын жайып тұрған ешкім жоқ еді. Бұл қуаныштың да ғұмыры келте қайырылды. Армандай болған Алматысына аз күн де қонақ бола алмай, осы жылдың 3 ақпанында қуғын-сүргін қайта басталды. Қанша ақталып баққанымен алпыс айлалы, қырық қатпарлы кеңестік шеңбердің, КГБ-ның құрығынан қайдан құтылсын. Азапты сапар қайта басталды. Күні кеше тұтқын лагерлерінде сәт сайын ажал күтіп отырса да, кеңес өкіметін шыбын жанындай қорғап, оның атына айтылған әр қарғысқа кеудесін тосқан бұны сол кеңес өкіметі қайта соттады. Сен байланыс жасайтын адамдар мыналар деп, ұлт қаймақтары – М.Әуезов, А.Жұбанов, Е.Ысмайыловтардың суреттерін көрсеткенде өмірден мүлдем түңілген.

Содан Толғанбаев 1947 жылдың күзінде 25 жылға сотталды, Магаданға кете барды. Еуропадан алып қайтқан атакты Штайнер деген ұста жасаған скрипка Алматы КГБ-сының изоляторларының бірінде қалған, содан жоқ, қолды болды.

Колыма. Қазақтың талай тектілерінің басын тірідей жұтқан өліктердің өлкесі бұл. Бұл сапардан тірі қайтамын деп ойламап еді. Адам итжанды деген осы.

ҒАЗИЗА АХМЕТҚЫЗЫНЫҢ ЕРЛІГІ

Музыканттың 1992 жылға дейінгі отыз жеті жылының қалай өткенін әр күніне дейін шағып айтатын болсақ, өзімізді өзіміз тани түсер едік. Сол азапты күндер жалғасып жатты. Талабы оңғарыла бермеді. Алдынан сол баяғы тас қабырға, үнсіздік шығады. Қазақстаннан тысқары шығарылмады, Мәскеу декадасына қатыстырылмады. Сөйтіп жүргенде, 1977 жылы 23 мамырда «Советская культура» газетінде И.Коганның «Республиканың бірінші скрипкасы» атты мақаласы жарқ ете қалды. Бұл Әйткештің ешкімге ұқсамайтын шығармашылық болмысын ашып көрсеткен тұңғыш мақала еді. Осыдан соң басқа басылымдарда да шығармашылық портреттер жазыла бастады. М.Есенәлиев кітаптарын шығаруға қолдұшын берді.

Алматы консерваториясында жүріп доценттікке ұсынылғанда мұны әрдайым құрмет тұтқан ректор Ғазиза Ахметқызы Жұбанованы КГБ-ның біраз әурелегені бар. Тұлпардың тұяғы сол бір жайсыз күндерде тегіне тартып тектілік танытқан еді. Сонда салпаңқұлақтар «ол Отанын сатқын опасыз, халық жауы, ағылшын шпионы» дегенде, Ғазиза Ахметқызы соның біріне де пысқырмайтын.

Бір өзі бірнеше адамның азабын арқалаған Әйткеш Толғанбаев 1992 жылы 50 жыл 33 күннен соң ақталды.

Әйткеш Толғанбаев өзінің «Тағдыр төлкегі» атты кітабында «Бақыт деген не?» деген сауал қойып, «ол біреуге қолұшын беру, жақсылық жасау» дейді. Шынында да, қазақ ішінде Чайковскийдің концертін тұңғыш ойнаған, Қазақстандағы кәсіби скрипка мектебінің негізін салған қарт музыканттың кеш те болса өз бағасын алып, кер заманға жұтылып кетпеуі де әр жылдары оған қайырым қолын созған ұлт тұлғаларының да арқасы еді.

Қ.ҚОШҚАРУЛЫ.

РАМАЗАН – 2024

Тәңір
жарылқасын!

Бұрын оразаны егде тартқан кісілер ұстаушы еді. Үлкендер ауылда оразаға келетін. Ата-әжелеріміз лек-легімен жүріп ауызашарға қатысатын. Бәрі бірге бір жұтым су ішіп, оразасын ашатын. Есті әңгімелер айтатын. Бірақ жастарды үгіттеп, миын шатастырмайтын. Ер-азаматтар отын-су дайындап, қол жұмыстарын жасайтын. Келіндер дастархан жаятын. Бірақ қойылған ас-ауқат аста-төк болмайтын. Біз жастар жағы құман-суын, сүлгісін әзірлейтінбіз. Үлкендердің қолына су құйып, бата алған мерей-түғыз. Сол кеште жасалған игі істің қайыры бар деп сенетін.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Біз балалық шақта көріп, біліп өскен іс-әрекеттер үнемі ойда тұрады. Сол кездегі тазалық, ізгі ниет қазір де сақталса дейміз. Ол уақытта әр ғұрыптың орны бар еді. Бұрынғылар «ораза, намаз – тоқтықта» деп айтып отыратын. Осы сөздің астарында терең философиялық ой мұлгіп жатыр. Уақыт-сәті келгенде жұрт аталы сөздің қадіріне жетер.

Бұл қай заман?

Осы біз дербестікке шыққан сәттен бастап талай дүние өзгерді. Әрине, көзіміз баяғыны көрмесе де, ұдайы құлағымыз бұрынғы шақтың қадірлі шақтарын ести біледі. Біздің заман арпалыс дәуірі. Баршасы бір-бірімен шатасып жатыр.

Бүгінде жастар жағы көп еліктегіш. Әрине, әр адамның сенімін құрметтейміз. Алайда, кейбір фанатиктер өзгелерге де мейірім-түсіністікпен қарау керек. Содан кейін «шымшық сойса да, қасапшы сойсын» деген сөзге мән берген абзал. Көшеде, таксиде, қоғамдық көлікте сөйлесе қалсаң кейбірі тым білгішсініп кетеді. Бірақ іс әрекеті оған лайық емес екендігі байқалады. Біреуге біреу нұқып, үйрететін заман емес. Ығайы келсе, жәрдем беріп, жақсылық жасап, бөтен біреуге залал келтірмей ғұмыр кешкенге не жетсін!

Сондай-ақ, арғы әлемге барып келгендер сөйлейтіндерге таңқаламыз. Ата-бабаларымыз «мың күнгі жұмақтан бір күнгі жарық дүние артық» депті. Бұл арада біреуді күстәналаудан аулақпыз. Дегенмен, әр пенденің иманы жүрегінде болғаны, құба-құп. Мәселе заманда емес, адамзатта болып тұр ғой.

Жақсы іс жан-дүниені
жадыратады

Жаратқан жер бетіне жақсылықты көптеп жіберген. Десе де, сол мейірім-шапағатты аздау аңғарамыз. Ақын Аманхан Әлім ағамыз: «Олжас, дүниені жақсы адамдар ұстап тұр. Мен сондай мейірімді жандардың жақсылығын көп көрдім» дейтін. Қандай ғажап сөз десеңізші! Яғни «жақсы әлемге бірдей, ісі-сөзі ай мен күндей» дейді. Нағыз тауып айтылған тәмсіл.

Білгір әрі тақуамын деп көпсінбейік. Әйткені, «білгеніміз бір тоғыз, білмейтініміз тоқсан тоғыз» деседі. Одан да жақсы адам болып, жаман әдеттен аулақ, жаман сөзден ада жүрсек, ешкімге қиянат жасамасақ соның өзі жақсылықтың нышаны. Қандай құлшылық жасасақ та, оны міндет қылмай жасаған жөн-ау. Себебі, жоғарыдан бәрін бақылап тұрған болар. Түптің түбінде әр шаруаның есебі болары анық.

ТҮЙІН: Бір сөзбен айтқанда, жақсы адам болып, ғибадатты өзіңіз үшін жасағаныңыз дұрыс болар. Кім білсін?! Қастерлі мейрам күндері жасаған ізгі амал-ниет қабыл болсын. Қазақша айтқанда, Тәңір жарылқасын!



ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

Хаттар... хаттар... тарих қойнауына бірте-бірте кетіп бара жатқан эпистолярлық жанр. Менің алдымда қамқор аға мен ізетті қарындас арасында жазысқан хаттар, тілек білдірген құттықтау ашық хаттар жатыр. «Ақ қағазға сия қаламның құдіретімен нұрлана отырып қамқор пейілмен жазылған хаттар. Өткен күннің ыстық белгісіндей. Ыстық тілек, мейірімге, сағынышқа толы хаттар... Мынадай мәндегі хаттар бүгінде жазыла ма екен. Әй, қайдам... Заман легіне ілескендер дәл осылай сияға сыр толтыра жаза алмас-ау...

«БАЛУАН ШОЛАҚ»

ӘНІН ҮЙРЕТКЕН

академик, жазушы Ебіней Бөкетов туралы бір үзік сыр

Ұлық болсаң, кішік бол

Интерактив заманда мынадай сыршыл хат жазыла ма екен, білмедік. «Ұлық болсаң, кішік бол» деп қазақ бекер айтпаған-ау. Академиктің алыс ауылдағы мұғалім қарындасына мол мейіріммен, кеңес бере жазған хаттары... Сонау Атырау (Гурьев) облысы, Махамбет ауданы, Сарытоғай ауылындағы мектеп мұғалімі аққұба қызға Қарағанды университетінің ректоры, академик Ебіней Бөкетовтен келген хаттар бұл.

Академик мейірімін төгіп хат жазған қыз кім болды екен?... Ғұлама ғалыммен хат алысып тұрған көркінен шуақ тамған бұл бойжеткен республикалық білім жүйесінде еңбек сіңірген, «Халық ағарту ісінің озық қызметкері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Зәмза Қалауова апайымыз болатын. Өзі табалдырығын аттаған сүйікті білім ошағын «Балалық бал дәурен ғана емес, жадымызда сақталып, қайталанбас әсерлерге бөлеген, үлкен өмірге баспалдақ болған мектебім – білім патшалығым» деп бағалайтын Зәмза Атырау педагогикалық институттың тіл-әдебиеті факультетінде оқып, жоғары білімге қол жеткізді.

Міне, осылай өз ісіне аса тиянақты қаршадай қағылез қыз зеректігі арқасында мамандығын мақтаншыл санады. Қызығы мол, қуанышты сәттері көп студенттік шақта әдебиет үйірмесінің есігі ашқара ашылған. Институтта ақын Берқайыр Аманшин мен Жазушылар одағының облысаралық бөлімшесінің қоғамдық негіздегі хатшысы Мендекеш Сатыбалдиев әдебиетке етене жакын талапкерлерге бас-көз болды.

Әлі есінде, 1965 жылдың мамырында Алматыдан Гурьевке (Атырау) қазақ әдебиетінің карт тарлағы Ғабит Мүсірепов бастаған бір топ ақын-жазушылар: Жұбан Молдағалиев, Әбу Сәрсенбаев Қалижан Бекхожин, Жәрдем Тілеков, Ғафу Қайырбеков, Қадыр Мырзаліев, Төлеген Айбергенов, Шәмші Қалдаяқов келді. Сол кезде Зәмза институттың «Бала тұлпар» үйірме мүшелері атынан сөз сөйлеп, өлең-жырдан маржан шашып, ақын-жазушы ағаларының ілтипатына бөленген еді.

1966 жылы институтты бітірген соң Зәмза Сарытоғайына оралды. 1966–1980 жылдары аралығында облыстық «Коммунистік еңбек», Махамбет аудандық «Жайық шұғыласы» газеттерінің штаттан тыс тілшісі ретінде аудан, ауыл тынысынан талай мақала әзірлеген. Зәмзаның көркемөнерге ықыласы айрықша болды. Ол өлеңді оның тылсымына үңіліп, жан-жүрегімен беріле, мәнерлей оқитын. Тыңдаушылар образға енген оның келбетіне қарап риза болатын.

Атан қомында туған адам

Айтпақшы, Сарытоғайда мектепте қызметте жүргенінде академик ағасы Ебінейден қарындасына бағалы хатпен кітабы да жетті. Атақты ғалымның «Жазушы» баспасынан ғылым, өнер туралы ойлары топтастырылған «Атан қомында туған адам» кітабы екен.

«Тумысынан жүйрік қыз ана тілге, бұл «Атанды...» ұсынам Зәмзәүлге. Түйе ағамыз түйме-кітап туынты деп, Кітапты оқығанда, қалқам, күлме!», –

деп автограф қалдырыпты.

Зәмзаның қуанышында шек болмады. 1975 жыл еді. Арада екі жыл өткенде жазушы-ғалымның «Грани творчества» кітабы жас ұстаздың қолына тиді. Зәмза Қалауқызы сексенінші жылдары ҚР Білім министрлігінің республикалық әдістемелік кабинетінің әдіскері болып қызмет етті. Оның ұлт мектептеріндегі қазақ тілі мен әдебиеті пәнін жақсартуда мұғалімдерге арнап жазған «Тіл дамыту және тіл ұстарту», «Спандияр Көбеевтің «Қалың мал» және Абайдың лирикалық өлеңдері» атты тақырыппен жасалған көрнекі құралдары мен осы пәнді оқыту жайлы салалық пікірлері көптің көңілін айрықша аударған болатын. «Ұлағатты ұстаз», «Республикада қазақ тілін оқып үйрену туралы» (1987) келелі радиоматериалдары радио арқылы беріліп, ел көкейіне ерекше әсер еткен бағдарлама болғаны анық.

Біз бүгін Зәмза апайдың білім саласындағы жеткен жетістігі мен алған марапаттарына тоқталып жатпаймыз. Зәмза Қалауқызы – еліне елеулі, халқына қалаулы қыз. Апайымыздың қазақтың бағына біткен ғұлама ғалым Ебіней Бөкетовпен жазысқан хаттарына, ақылшы ағасынан алған кеңестеріне ғана тоқталамыз.

Өл-Фараби бабамыздың «Өмірдің бір қызығы, ол – тәлім-тәрбие беру» дегені бар. Зәмзаға әкесі Қалаудың айтқан сөзі әлі есінде. «Атқарған ісің есте қалуға тұрарлық болса, еңбекте абыройлы болып, ұжымың сыйлайтын болса, мен үшін бақыт» деп отыратын жарықтық. Көп оқып, талай кітапты тауысқан академик Ебіней ағасы да хат жазған сайын келелі кеңесін беріп жүретін. Сондай хаттардың бірінде жазылған мына бір кеңес Зәмзаның әлі күнге жадында сақталған.

«Істеп жүрген жұмысыңнан бақыт табамын десең, оның үш шарты орындалсын: біріншіден – атқаруға тиісті жұмысқа шамаң келетін болсын, екіншіден – ол жұмысты шектен тыс ауырмайтын бол, үшіншіден – істеген

жұмысыңның қорытындысы болсын» деген. Ғұлама ғалым өмір бойы өзі ұстанған қағидасын жазған. Пайдасы тиер деген оймен жазғаны анық. Иә, талайға пайдасы тиген кеңес.

«Нағыз бақ еңбекпен бітеді, өмір үйретіп данышпан етеді» депті Қалтай би. Академик Ебіней Бөкетовтің 50 жылдығында қазақтың қабырғалы қаламгері, ақын Әбділда Тәжібаев:

«Елуге, достар, Ебінейдей болып келіндер, Елуге бәрің Ебінейше есеп беріңдер. Ұрпақпен бірге жалындай берсін жүректер, Ұрпақпен бірге көгері берсін көңілдер!», –

деп жырлапты.

Ғұлама ғалымның туғанына 90 жыл толуына орай, Зәмза ғалым жайлы: «Қазақстан Ғылым академиясының академигі Ебіней Бөкетов маңдайы жарқыраған металлург-ғалым бола тұра, жазушы, әдебиет сыншысы, шынайы һәм шебер аудармашы еді. Ол асқар таудай ғажап ғылым жұлдызы еді. Драматургия саласында да із қалдырған жазушы» деп жазды баспасөз бетінде.

Иә, академик Е.Бөкетов химиялық металлургия саласында маңдай алдысы бола жүріп, әдебиетімізге де зор үлес қосты. «Алты хат», «Атан қомында туған адам», «Шығармашылықтың сегіз қыры», т.б. повестердің авторы. Сондай-ақ, У.Шекспирдің «Юлий Цезарь», Дж. Флетчердің «Испанский священник», В.Маяковскийдің «Клоп» атты еңбектерін, Э.Золяның әңгімелерін аударған. Е.Бөкетовтің «Білмедім, Шәкәрімді кім атқанын...» атты тарихи мақаласы талайды таңқалдырған.

«Талантты таланттар ғана таниды» демекші, «Ебіней жас кезінің өзінде жігерлі, екі тілге бірдей шешен, өз ісіне мығым болатын. Қандай нәрсеге болса да, бейтарап, енжар қарамайтын, көзі мен көкірегі бірдей ояу, ойлы, қимыл-әрекеті ширақ, тыңғылықты еді. Осындай сипаттар досымыздың, асыл азаматымыздың тұла бойында тұтас және қаз-қалпында тұнып тұратын. Мұның арғы тамырын әдебиеттен іздеу абзал», – деген болатын әдебиет зерттеушісі, академик Зейнолла Қабдолов.

Дарақ бір жерде көктейді

Бұл да болса, ғұлама ғалымның білімге, ғылымға көзқарасын аңдатса керек. Ебіней – «Дарақ бір жерде көктейді» деген даналық сөзді өз өмірімен дәлелдеп кеткен ғұлама ғалым. Талантымен, саки адамгершілігімен, кісілік кемел қасиетімен, иманды парасаттылығымен, телегей-теңіз білімімен, үлкен

ғалымдығымен танымал болған ғұламаның туғанына келер жылы 100 жыл толады.

«1974 жылдың қыркүйегі. Көкшетау өңірі. Оқжетпес. Айна-көлдер, көкке шаншылған қарағайлар мен би билеген аққайыңдар... Осы жолы Көкшенің баурайында Қарағанды университетінің ректоры, техника ғылымының докторы, профессор Ебіней Бөкетовпен дастарқандас болып, әсерлі әңгімесін тыңдадық. Сол кезде ғұлама ғалымның өзі маған айрықша ықыласпен «Балуан Шолақ» әнін үйретіп еді.

Қалқам Зәмзагүл, сенің даусың осы әнге келеді екен. Әкем – Балуан Шолақтың өзін көрген, әнін тыңдаған адам. Бірақ мен ән айтпаймын, осы әнді әкемнен естуші едім. Саған үйретейін, отырған жерінде айта жүресің. Ән құдіретіне теңеу табу қиын ғой. Ән – ана, жүректі жуып, дән жастап, бүршік жаратын дүние. Ерлік те, адамдық та, сүйіспеншілік те ән-жырдан нәр алады ғой, қарындасым» деген ерекше ілтипатпен Ебіней аға.

«...Шынында да, ән құдіретіне елтімес жан жоқ. Өйткені, жүрекпен, мінезбен, әдетпен, тірлікпен тапқан барлық көңіл күй, жан сезімін аялап, әлдилейді», – деп ерекше тебіренген Ебіней Арыстанұлы.

Бұрабайдағы басқосуда ғалымның жанында Зейнұр Жанақбаев пен Әбікен Тілеубаев деген жақын інілері болды. «Дастарқан басында менің туған нағашым Иван Қалмұрзин де бар еді. Керемет отырыс болды. Ғалымның әсерлі сөзі, әзіл-қалжыны жүрегінді тербеп, ой қозғайтындай... тыңдай бергің келетін», – деп өткен күнді сағыныспен еске алады халық ағарту ісінің үздігі, ардагер ұстаз Зәмза Қалауқызы.

Сол басқосуда Зәмза Қасымның (Аманжолов) «Өзім туралы» әнін домбырамен жайлап орындап берді. «Біреуге жұртқа қалған жасығымын, біреуге аспандағы асылымын...» шумағына келгенде, кең маңдайлы, дөңес қабақты, кара көзді, дөңгелек жүзді, кең нықты Ебіней ағай қалың шашын қолымен кері қайтара сілкіп: «Қалқам Зәмзагүл, соңғы шумақты қайталап айтшы...» деп қолқа салғаны Зәмзаның ерекше есінде. Сол жолы кеш түссе де, дастарқанға шақырылған қонақтардың асықпағаны анық. Бір сәт Ебіней аға қошемет көрсетіп, дәм-тұзға алғысын айтып: «Сыйластықпен дастарқан жайып, ниет білдірген келіндерге бата берейін» дегені бар.

«Ебіней ағаның мен байқаған ерекше қасиеті – қарапайымдылығы, адам көңілінің пернесін дөп басатын асқан сезімталдығы. Үлкенге ізетті, кішіге қамқор ағаның ұлан-ғайыр білімдарлығы таңғалтты. Әсіресе, поэзия тақырыбында сөйлей

кеткенде, тыңдаушының құлағына таудан аққан бұлақтың сыңғыры, шапқан аттың дүбірі, ғашық жанның жүрек лүпілі келетін» дейді Зәмза апай.

Шіркін-ай, Ебіней сынды арыстың, ұлы ғалымның қарапайым ауыл мұғалімін жатсынбай, дәмдес, сырлас болып, хат жазып тұруы – бүгінде біреулерге ертегідей көрінуі мүмкін. Солай болған. Ебекең әзіл-қалжыңды жаны сүйетін. Сүйікті қарындасы Зәмзаға «Грани творчества» кітабын поштамен салып: «Ағамның кітаптары жұпыны-ақ болады – деп күлкі етер болма...» деп жазғаны бар. Жазған хаттарында ылғи «талапты бол, еңбекте табысты бол, жемісті бол» деп ақылын айтатын. «Биіктер белесін көбейсін, шығар тауың биік болсын» деген ағалық ажжүреппен тілек қосатын.

«Өмір. Жол. Тағдыр. Адамды жолықтыратын да, табыстыратын да, кимай қоштастыратын да осылар болса керек. Жер басып жүрген барша жанның еншісіне тиетін осы үш нәрсе әр адамның өзіндік бейнесін қалыптастырады екен» дейді Зәмза апай. Ебіней аға бір хатында Ғабит Мүсіреповке Еңбек Ері атағы берілгенін айтып, құттықтау телеграмма салғанын жазыпты.

«Таланттар да тау секілді. Қара көк шандары аспанмен таласқан асқар тауларға қарасаң – суық та сұсты, ал жанына барсаң – суықтан қорғар саян, ықтар панаң. Ғабит Махмұтұлы да тау тұлғалы, қыран мінезді талант» деп көсіле жазғаны есте. Иә, келер жылы туғанына ғасыр толатын ғұлама Ебіней Бөкетов те замананың заңғары болатын. Ол жайында әсерлі әңгіме әлі талай айтыла бермек.

● ТҮЙІН:

Таяуда Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің Филология факультетінде журналистика кафедрасының 30 жылдығы атап өтілді. Әріптестерімізді мерейлі мерекесімен құттықтаймыз! «Alatau Aqparat» медиахолдингі мен Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті әріптестік тұрғысында екіжақты меморандумға қол қойған болатын. Ғұлама ғалыммен хат алысып тұрған алматылық, білім саласының ардагері Зәмза Қалауқызы айтып берген осы бір әсерлі әңгіме де оқу орыным арадағы жылы қарым-қатынасты желпінте түсер деген ойдамыз.

Бетті әзірлеген
Айнабай МӘДИ.





«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 6 айға – 3216,72 теңге, 10 айға – 5361,2 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 6 айға – 4416,72 теңге, 10 айға – 7361,2 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 6 айға – 2016,72 теңге, 10 айға – 3361,2 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz** сайты арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Алматы ақшамы» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ӘДЕБИ КЕШ

АНАДАН АСҚАН ЖАН БАР МА!



Рая
ЕСКЕНДІР

Алматы қаласы Орталықтандырылған №4 кітапхана бөлімшесінің ұжымы көктем мерекесіне орай «Ана деген – бастауы ұлылықтың» атты әдеби-сазды кездесу кешін өткізді.

Бұл күні кітапханаға еліміздің дамуына зор үлесін қосып келе жатқан нәзік жандылар шақырылды. Олардың қатарында белгілі жазушы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Мағира Қожахметова, сыншы, аудармашы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Әлия Бөпежанова, филология ғылымының докторы, профессор Гүлжан Орда, республикалық «Үздік педагог» байқауының жеңімпазы, «Құрмет» орденінің иегері Сафура Сәлімбайқызы және қаламыздағы бірнеше оқу ордаларының басшылары болды.

Әсем әуенмен өрілген кеш барысында қазақ қыздарының ақылдылығы, сұлулығы, отбасының ұйытқысы бола тұра, қоғамның бел ортасынан табылатын қайраткерлігі, жалпы, бір басындағы бірнеше қасиеті туралы баса айтылды. Көктемнің күні төңіректі, ал кітапханадағы кеш оқырмандарын нұр шуағымен жылытты. Алматыдағы бірнеше мәдени оқу орны осы кітапхана маңына шоғырланғандықтан, өнер көрсеткен жастардың да қарасы қалың болды. Осы кітапханамен шығармашылық тығыз байланыс орнатқан жазушы Мағира Қожахметова өзінің жүрекжарды лебізін былай жеткізді.

– Мен «архивке» кеткен адаммын. Олай дейтін себебім, мен араласқан жандардың көбі қазір келмекке кеткен. Осы кітапхана арқылы өзіме тек оқырман ғана емес, сыйлас, сырлас ұжым таптым. Осындағы жұмысты үйлестіріп, алтын көпір болып отырған Сағын Кәденқызына, барлық қыз-келіншекке айтар алғысым шексіз, – деп құттықтауын жеткізді.

Кездесу қонақтарына кітапхана басшысы Сағын Кәденқызы Алматы қаласы Орталықтандырылған кітапхана жүйесінің директоры М.Бектембаевтың атынан Алғыс хаттарды табыс етті.

ТӘРБИЕ

Көктем-сағыныш

Медеу ауданындағы №115 бөбекжай-балабақша бүлдіршіндері «Келді көктем тамаша!» атты мерекелік іс-шара өткізді.

Бұл күні бүлдіршіндердің өнерін тамашалауға олардың ата-аналары арнайы келіп қатысып отырды. Балабақша бүлдіршіндерінің көктемге деген сағынышының ерекше екені байқалып тұрды. Олар алдымен көктемгі көңіл күй сыйлайтын «Көктем шуағы» атты сән үлгілерін көрсетіп жүріп өтті. Сосын бірнеше ұлттық ойын түрлерінен жарысты. Ұлттық «Ортеке», «Қара жорға» билерін биледі.

Мерекелік кеш барысында көктем, ана туралы әндер көптеп шырқалды. Әрбір топ бүлдіршіндері жасыл жапырақ, түрлі гүлдер мен құстардың бейнесіне еніп, жаттаған тақпақтарын айтып берді. Аталмыш балабақшада бірнеше ұлт өкілі тәрбиеленіп жатқандықтан, әрбір ұлттың әні мен биі орындалды. Балақайлардың өздері кішкентай болса да осынау кештің мазмұнын ашуға талпынып, тер төккендері байқалады. Бөбекжай-балабақша меңгерушісі Мархаба Төленбекова ұжымға, уақыт тауып балабақшаға бас сұққан ата-аналарға алғысын білдірді.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

ЖҮРЕКЖАРДЫ...

МЕНІҢ АРДАҒЫМ!

«Анасы бар адамдар
ешқашан қартаймайды...»

Ана... Қандай керемет сөз десеңші! Осы бір үш-ақ әріптен тұратын сөзде мұхиттың тереңдігіндей тұңғыық ойлар жатыр. Осы асыл жан әрқашан бізді жақсы көреді. Біз шыр етіп дүние есігін ашқан кезден бастап бізді бағып-қағып, біз үшін отқа да, суға да түсті. Ана деген сөз әрқашан киелі. Ешкім де аспаннан салбырап түскен жоқ. Бәрімізге жарық дүние есігін ашқан – ана. Бауыр еті баласы үшін аналар не істемейді десеңші? Ана туралы айтатын ой, шертетін ән көп.

Қандай ақын болсын, анасын әрқашан жырына қосып жүрген. Біздің қазақ ақындарымызда ондай өлеңдер жетерлік. Бірақ бұл өлең-жырлар ана алдындағы парызымызды өтеуге тұрмайды. Ойлап қараңызшы, анамыз біз үшін бәріне дайын болды. «Анаңды Меккеге үш рет аркалап апарсаң да, парызыңды өтей алмай-сың», – деген сөз рас. Шынында да, қанша талпынсақ та, күнде қарызын өтеуге тырыссақ та, жақсы істер істесек те, ананың біз үшін жасаған жақсылығын, қарызын өтей алмаймыз. 9 ай, 9 күн еш жерге тастамай отырса да, тұрса да көтеріп жүріп, сүліктей жабысқан шарананы дүниеге алып келудің өзі неге тұрады? Ал біз, ішінде 3 кітап бар қара сөмкені күніне 3-4 сағат көтеріп жүргенді ауырсынамыз. Осы бір қиын да, қызық 9 айдың қарызын өтеудің өзі біз үшін бір үлкен, алып мәні бар іс. Қарызын өтей алмасақ та, ең болмаса, ананың қабағына кірбің түсірмеуге тырысуымыз керек емес пе?! «Балам, ананы үйте салшы, мынаны бүйте салшы...», – деген анаға, «ой, ана, қойшы, уақытым жоқ», – деп айтамыз.

Осы сөздің өзін, сол ананың жұмсаған ісінен артық, маңызды іс бардай жұлқына айтып, есікті сыртынан жауып кете барамыз. Осындай жағдай басыңыздан бір рет болсын өтті ғой? Иә, мойындаңыз. Ал дәл сол кезде біз үшін маңызы жоқ, күнделікті ауызекіге айналып кеткен «Ана қойшы» деп сілкіп айтылған сөзден, ананың жұдырықтай «Балам» деп соғып тұрған жүрегінің орнынан сәл ауытқып барып орнына түсіп, ананың жүрегіне кішкене қара дақтың түскенін білеміз бе? Жоқ! Жұдырықтай жүректі қара дақтар жаулап алса, ол жүрек махаббат, ыстық ықылас, мейірім көрмесе, күн сәулесін көрмеген гүлдей бір-ақ күнде солып қалуы ықтимал ғой. Аналар еш нәрсені білдірмейді, сездірмейді, көрсетпейді. Олар өте құпия жандар. «Ата-ана қадірін балалы болғанда білесің», – дейді.

А.Т.ЧЕДЫРБАЕВА,

Алматы қаласы бойынша қазынашылық департаменті
қолма-қол ақшаны бақылау шоттары бойынша төлемдерді
өткізу басқармасының бас маман – бас қазынашысы.

КӨҢІЛ АЙТУ

Алматы қаласы мәслихатының депутаттары VIII сайланымадағы Алматы қаласы мәслихатының депутаты Проценко Игорь Александровичке әкесі

Александр Иванович ПРОЦЕНКОНЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және
тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта»
АҚ Алматы почтамтына:
+7 707 862 30 08 телефондары
арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге
дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, жұма
күндері шығады.
Апталық
таралымы – 18 412

Кезекші редактор –
Естай БОЖАН

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы қаласы,
Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті
«AIR ASTANA» әуе
компаниясының бизнес-класс
бортында және «Жолаушылар
тасымалы» АҚ пойыздарындағы
жолаушыларға қолжетімді.



ТАЗАРҒЫҢ КЕЛСЕ, ТЕАТРҒА БАР

«ЕТІК КИГЕН
МЫСЫҚ»
ертегісі сахналанды

Алматы Мемлекеттік қуыршақ театры «Чемпион» қойылымының премьерасынан кейін араға көп уақыт салмай көрермендерін тағы бір ерекше қойылыммен қуантты. Әлем әдебиетінде ойып тұрып орын алатын балаларға арналған туындылардың авторы Шарль Перроның ең әйгілі «Етік киген мысық» ертегісінің желісі бойынша сахналанатын қойылым кішкентай көрермендерге жол тартты.

Досбол
АТАЖАН

Бүгінде балалардың сүйікті ертегілерінің біріне айналған туынды қаламыздағы қуыршақ театрында тұңғыш рет жаңаша бағытта түрленді.

«Етік киген мысық» ертегісінде диірменші әкеден қалған мұраға көңілі толмаған еріншек әрі енжар кенже ұлдың ақылды да айлакер мысықтың арқасында қарапайым диірменші баласынан беделі биік маркизге айналуы жолындағы таңқаларлық оқиға баяндалады. Алғыр мысық өз қожайынын маңғаз мырзаға айналдырып қана қоймай, патшаның алдында сый-құрметке ие етіп, айдай сұлу ханшайымға үйлендіреді. Тіпті, Кісіжегіш сиқыршыны айламен жеңіп, зәулім сарайға жеткізеді. Қызықты сюжет пен тартымды атмосфераға ие қойылым сан қырлы кейіпкерлерімен көз тартып, көңілді ойындар, тебіренерлік әндерімен баурап, көрермендерге көтеріңкі көңіл күй мен ұмытылмас әсер сыйлайды.

Өзгеше сарынымен, ерекше қуыршақ түрлерімен қойылған айрықша қойылымның инсценировка авторы, режиссері, хореографы – мәдениет саласының үздігі, театр және кино артисі Болат Момынжанов, суретшісі – Юлия Чернова, композиторы – Зарина Гафиатуллина.

Қойылымда етік киген мысық және оның қожайынынан бөлек, Карабас, Бубей патша, ханшайым, аспазшы, сиқыршы сынды кейіпкерлер бой көрсетті. Сонымен қатар, тросты, планшетті, бойлы, жазық қуыршақ түрлері болды.


ОҚЫҢЫЗ, ҚЫЗЫҚ!

Алматылық шимпанзе сурет салумен тәнті етті

Алматы зообағындағы шимпанзелер сурет сала алады. Иә, кеше әлеуметтік желіде екі маймылдың сурет салып жатқан видеосы тарады. Оны Алматы хайуанаттар бағының қызметкерлері Instagram-дағы парақшасына салды.

Видеодағы Паша мен Лола атты шимпанзелердің сурет салып отырғаны бізді таңдандырмай қоймады. Қолдарына түрлі-түсті фломастерді алып, оны ақ қағаз бетіне адам құсап сүйкеп жатқаны, тіпті Лоланың өз тырнағын бояп отырғаны да қызық көрініс екен.

«Біздің шимпанзелеріміз сурет сала алады. Паша бояулармен түрлі суреттер салатын болса, Лола нәзік-жанды болғандықтан алды-



мен тырнақтарын бояп, содан кейін сурет салады. Маймылдар – ерекше жаратылған ақылды жануарлар. Қолға тез үйреніп, шығармашылыққа да тез бейімделеді. Олардың сурет салуға деген талпынысы өте қызықты көрініс», – деп жазылған видеоның астына жазылған сипаттамада.


Осы орайда осыдан жеті-сегіз жыл бұрын Алматыда тұңғыш рет маймыл салған суреттер көрмесі өткені еске түсті. Томирис деген шимпанзені сурет салуға зообақ қызметкерлері үйреткен болатын. Келушілер «қылқалам шеберінің» 10 суретін тамашалаған. Сондықтан алдағы уақытта Паша мен Лоланың да сурет көрмесі өтіп жатса, таңқалмаймыз.

Өз кілті бар
орангутан

Небраска (АҚШ) хайуанаттар бағында 1965 жылдан 1983 жылға дейін өмір сүрген Фу Манчу атты орангутан өз қолымен сымнан жасап алған кілтті пайдаланып, темір торынан бірнеше рет қашып кеткен.

Онымен бірге қоршауда отырған төрт көршісі де бостандыққа шыққан. Дәлірек айтқанда, олар хайуанаттар бағынан ұзап ешқайда кетпеген, бесеуі де өзін қоршаған ортаға, адамдарға ешқандай проблема тудырмаған. Жайғана темір қоршауынан шығып, хайуанаттар бағының басқа бөліктерінде демалып, сайран салғысы келген көрінеді. Олардың ең үлкен қызығушылық тудырған жері пілдер қоршауының жанындағы қарағаштар болыпты. Хайуанаттар бағының

қызметкерлері Фу Манчудың бұл әрекетін ұзақ уақыт бойы түсіне алмай, бекітулі қоршаудан қалай шығып кетіп жүргенін таппай, әбден дал болады. Сөйтсе, Фу өз қолымен сым темірден кілт жасап алып, оны үнемі ұртына тығып қойып, яғни ерні мен қызыл иегінің арасына салып алып, әлгіндей экскурсияға көңілі ауған кезде ғана шығарады екен. Оның бұл құпиясы орангутанның алтыншы мәрте «қашу операциясы» кезінде белгілі болған көрінеді.

Өзін айнадан
таниды

Маймылдар туралы қызықты дерек көп. Мәселен, ол – өзін айнадағы бейнеден тани алатын жануар. Олар 60 жылға дейін өмір сүреді. Маймылдардың жүктілігі шамамен 8-9 айға созылады. 3-6 айда кішкентай маймылдар жүре бастайды.

Кішкентай орангутан 3 жасқа дейін тек ана сүтімен қоректенеді. Жаңа туған маймыл анасын жо-

ғалтып алса, оны «нағашылар», яғни анасының туыстары бағады.

Маймылдар туберкулез, герпес және гепатит сынды ауруларды жұқтыруы мүмкін. Олардың есінегені оның шаршағанын емес, әлдекімге ашуланғанын білдіреді. Көңіл күйін оның сыртқы түріне қарап анықтауға болады: егер үстіңгі ерін созылса, бұл маймылдың агрессивті екенінің белгісі. Басқа туыстарына қауіп төнгенін ескертетін маймылдар дірілдей бастайды.

Тайландта жыл сайын маймылдарға арналған мереке өтеді. Ал Үндістанда қасиетті жануар болып саналады. Маймылдар әзілдеп, балағаттай да алады.

Еркек маймылдар да жасы келген уақытта еркектер сияқты таз болып қалады. Ер маймылдар бала тәрбиелеуге көп уақыт жұмсайды екен. Табиғатта маймылдардың шамамен 400 түрі бар.

Нұр ЖАМАЛ.

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.